


ОҢАЛТУ – ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ҚАДАМ

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ПӘН КӨБЕЙСЕ, ОҚУШЫҒА ОҢАЙ МА?

8-БЕТ | САРАПТАМА



ТҰТАС ТҮРКІСТАН КҮРЕСКЕРІ

9-БЕТ | ТҰЛҒА

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Түрлі сын-қатерге қарамастан, біз стратегиялық мақсат-міндеттерімізден айнымаймыз. Аз уақыт ішінде жүйелі саяси реформалар жасадық, экономиканы жаңғыртатын және қоғамдық этиканы жаңартатын ауқымды шараларды қолға алдық. Саяси өзгерістер азаматтық қоғамның дамуына әлден-ақ тың серпін беріп үлгерді. Отандастарымыздың мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі едәуір артты.

№132
(4720)
Сейсенбі
5 қараша
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АМАН-ЕСЕН ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Таяу Шығыс өңіріндегі шиеленістің күшеюіне байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ливанда қалған қазақстандықтар аман-есен елге оралды. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігі ақпарат жариялады.

Қазақстанның тиісті мемлекеттік органдарының қатысуымен Ливаннан Қазақстан азаматтары мен олардың отбасы мүшелері елге жеткізілді.

«Аталған операция Ыстанбұл және Дубай қалалары арқылы ұйымдастырылып, нәтижесінде 2024 жылғы 17-31 қазан аралығында Бейруттан Астана мен Алматы қалаларына 41 адам аман-есен жеткізілді. Эвакуация әскери қақтығыс аймағында қалған Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жүргізілді» делінген хабарламада.



ӨЗ ҮЛЕСІҢДІ ҚОС!

Елорданың Байқоңыр ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандыру бойынша өтінімдерді қабылдау басталды, деп хабарлады Астана қаласы әкімдігі.

Жобаның мақсаты – тұрғындардың бастамасы мен ұсыныстары бойынша ауданды абаттандыру.

Ұсыныстарды Байқоңыр ауданы әкімдігінің www.baikonyr-astana.kz ресми интернет-ресурсының «Халық қатысатын бюджет 2025» бөліміне жіберуге болады. Сараптамалық кеңестің шешімі негізінде Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты жобалық ұсыныстарды іске асыруға кіріседі. Сараптамалық кеңес шешімінің нәтижелері және жобаны іске асыру әкімдіктің интернет-ресурсында жарияланады.

Өтінімдер 2025 жылдың 1 наурызына дейін қабылданады.



М. Өтемісов атындағы Оқушылар сарайы

ҮЙІРМЕДЕ ҮЙРЕНЕРІ КӨП

Елордада балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін оңтайлы мүмкіндіктер қарастырылған. Өткен жылдан бері тегін ағартушылық, өнер және спорт үйірмелерінің жұмысын бір орталық – Астана қаласы әкімдігінің жанынан құрылған мемлекеттік шығармашылық тапсырыстарды іске асыру дирекциясы үйлестіріп келеді.

5

ЕЛОРДА ӘКІМІ ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

7 ҚАРАША 15:00

№87 мектеп, Иманов көшесі, 37

Тікелей эфир: Байқоңыр ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінің Facebook парақшасында жүргізіледі.

АСТАНА ХАЛҚЫ 1,5 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес Астана қаласының халық саны 1 502 102 адамға жетті.

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша елордада 1 502 102 адам өмір сүріп жатыр, ал 1 қыркүйектегі деректерге сәйкес, елордада 1 490 740 адам болған. Осылайша, бір айда қала жұрты 12 мыңға жуық адамға артып отыр. Өсу қарқыны 5,03 пайызға жетті. Өткен жылы 1 қазанда елордада 1 409 497 адам санаққа алынған. Ал жыл басында бұл көрсеткіш 1 430 105 адамға дейін өсті.

Ұлттық бюроның 1 қазандағы статистикасы бойынша Қазақстан халқының саны – 20 223 218 адам, өсу қарқыны 0,95 пайызға жетті. Оның ішінде 12 704 977 адам қалада тұрады және 7 518 241 адам ауылды мекендейді.

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі



ЕЛШІГЕ ТАБЫС ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция елшісі Сильван Гиогені қабылдады. Президент Франция елшісін жаңа қызметімен құттықтап, оның дипломатиялық миссиясы екіжақты қатынастардың өте белсенді даму кезеңімен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Франциямен арадағы ынтымақтастықты жан-жақты тереңдетуге ниетті екенін жеткізіп, елші Сильван Гиогенің жауапты қызметіне табыс тіледі.

Кездесуде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы уақытта Франция Республикасына жасайтын мемлекеттік сапарының жай-жапсары талқыланды.

Президент аталған сапар Астана мен Париж арасындағы байланыстардың келешегін айқындап, қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді.

ЕУРООДАҚТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай «Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ» парламенттік ынтымақтастық комитетінің 21 отырысына қатысты. Кездесуге қатысушылар экологиялық саладағы ынтымақтастық пен метан шығарындысын азайту және төмен көміртегіне көшуді дамыту мәселелерін талқылады.



Сенатор өз сөзінде Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірі үшін мұздықтардың еруі, шөлейттену, су тасқыны сияқты климаттың өзгеруінің салдарымен күрес маңызды мәселе екенін атап өтті. Биыл Қазақстанның бірнеше өңірі соңғы 80 жылда болмаған су тасқынына тап болды. «Бұл дағдарыс трансшекаралық су ресурстарын басқарудың тиімді механизмдерін әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Бұл төтенше жағдайдан сабақ алып, Еуропалық Одақтың трансшекаралық өзендерді басқарудағы «бассейндік тәсілін» зерттеуге ерекше қызығушылық танытып отырмыз. Біздің төрағалығымыз Арал теңізі бассейніндегі жағдайды жақсартуға және Орталық Азия халықтары мен мемлекеттерінің мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Арал бассейніндегі экологиялық дағдарыс судың жетіспеушілігі мен ластануының артуымен, жерлердің деградациясы және кең аумақтардың шөлейттенуімен, ормандардың, экожүйелердің және биоалуантүрліліктің жоғалуымен сипатталады» деді отырыста Бибігүл Жексенбай. Жиынға қатысушылар су инфрақұрылымы, су үнемдеу технологиясы, биоәртүрлілікті қорғау және климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы Еуропалық Одақпен бірлескен жобалардың келешегін талқылады.

ПРЕЗИДЕНТ ФРАНЦИЯҒА БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Эммануэль Макронның шақыруымен 4-5 қараша күндері Франция Республикасына мемлекеттік сапармен барады. Сапар барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған жоғары деңгейдегі келіссөздер өтеді. Сондай-ақ Қазақстан Президенті Франция-ның іскер топтарының бірқатар өкілімен кездеседі.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қырғыз Республикасына ресми сапарының екінші күнінде Президент Садыр Жапаровпен кездесті. Мәжіліс спикері Қырғызстан басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізі мен ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ Садыр Жапаровтың бауырлас халықтар арасындағы достық пен одақтастық қатынастарды нығайтуға қосқан зор үлесін атап өтті.



Ерлан Қошанов қазіргі таңда Орталық Азия тұтас өңір ретінде жаңа даму кезеңін бастан кешіп жатқанына, бұл кезеңді Қазақстан Президенті «Орталық Азия Ренессансы» деп атағанына назар аударды. Мәжіліс төрағасы мемлекет басшылары қабылдаған «Орталық Азия-2040» өңірлік ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруда парламенттердің белсенді рөл атқаруға ниетті екенін жеткізді.

Қырғызстан Президентіне Жогорку Кенеш төрағасы Нұрланбек Шакиевпен кездесудің және Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші мен Қазақстан Республикасы Парламенті арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Парламентаралық кеңестің екінші отырысының нәтижелері туралы ақпарат берілді. Мәжіліс спикері екіжақты қатынасты нығайтудағы Кеңес жұмысының маңыздылығына ерекше тоқталды. «Парламентаралық кеңес Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы саяси диалог пен өзара түсіністікті одан әрі тереңдетуге ықпал ететін болады. Оның тиімділігін көріп отырмыз. Кеше қырғыз әріптестерімізбен сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың келешегін талқыладық. Шекаралық бақылау, су және энергетика қауіпсіздігі салаларындағы ықпалдастыққа де ерекше көңіл бөлдік. Сонымен қатар біздің Кеңес заң шығару қызметінде тәжірибе алмасуға, туындаған мәселелер бойынша шұғыл шешімдер қабылдауға және парламенттеріміздің депутаттары арасындағы байланысты нығайтуға зор мүмкіндік береді» деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс спикері сондай-ақ Қырғыз Республикасына алдағы Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалығына табыс тілеп, екі ел депутаттарының ТҮРКПА, ҰҚШҰ ПА, ТМД ПА секілді халықаралық алаңдарда және аймақ үшін жаңа форматтағы «Орталық Азия – Корея Республикасы» Парламент спикерлерінің кеңесінде келісілген жұмысын атап өтті.

Қырғыз Республикасының басшысы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сәлемін жолдап, оның жетекшілігімен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды жоғары бағалады.

Қырғыз Республикасына ресми сапар аясында Мәжіліс пен Жогорку Кенеш депутаттарының екіжақты кездесуі өтті. Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші мен Қазақстан Республикасы Парламенті арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Парламентаралық кеңестің екінші отырысында кеңес туралы ереже қабылданды.

32 ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов жаһандық инвестициялар бойынша VII қазақстандық дөңгелек үстелге қатысты (KGIR-2024). Алаңда ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, энергетика және тау-кен өндіру салалары, қаржы секторы салаларындағы жетекші халықаралық және қазақстандық компаниялар басшыларымен бірге 500-ден астам бизнес өкілі, сондай-ақ отандық кәсіпкерлік сала өкілдері, инвесторлар жиналды. Пленарлық сессия «Жаһандық инвестициялық үрдістер: болашаққа көзқарас» тақырыбына арналды.

KGIR жұмысын аша отырып, Олжас Бектенов дөңгелек үстел Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Шетелдік инвесторлар кеңесі отырысының қисынды жалғасы саналатынын және бизнес-қоғамдастықпен тығыз диалог құруға бағытталғанын атап өтті. Қазақстан Үкіметі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Бүгінде елімізде 14 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді, онда инвесторлар үшін салықтық және кедендік преференциялар көзделген, шетелдік жұмыс күшін жалдау рәсімі жеңілдетілген, бизнес үшін әкімшілік кедергілер азайтылған. Кәсіпкерлердің мәселелерін жедел шешу үшін Үкімет жанындағы Инвестициялық штаб тұрақты негізде жұмыс істейді. Басым инвестициялық жобалар үшін рұқсат беру рәсімдерінен өтуді жеделдететін «Жасыл дәліз» немесе Fast-track тетігі іске қосылады. Отандық және шетелдік инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалған. Мәселен, шетелдік бизнеске АХҚО-да ағылшын құқығы мен ұлттық құқықтық жүйе арасында таңдау мүмкіндігі берілді.

KGIR қатысушылары елімізде жобаларды іске асыру тәжірибесін бөлісіп, ынтымақтастықтың келешегі зор екенін атап өтті. China Energy Investment Corporation бас директорының орынбасары Янь Гочуань энергетика саласындағы ынтымақтастықтың маңызына тоқталып, бірлескен жобалардың әлеуетіне сенім білдірді: «Біз энергетика саласында көмірді әзірлеу және экологиялық таза пайдалану, жаңа энергетика, инфрақұрылымды қолдау жөніндегі қазақстандық жобаларға белсенді қатысу үшін озық технологияларымызды, кәсіби әлеуетімізді және тамаша басқару командасын толық көлемде пайдаланамыз. Біз үшін Қытай мен Қазақстан арасындағы достық ынтымақтастыққа өз үлесімізді қосу маңызды».

KGIR–2024 қорытындысы бойынша жалпы сомасы $7 млрд болатын 32 құжатқа қол қойылды.

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ақордада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жасөспірімдерге қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу және оның жолын кесу мәселелеріне арналған жиын өтті. Басқосуға Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрлері, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері және Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қатысты.



Жиында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау, құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу және оған жол бермеу бойынша жүйелі әрі жедел іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Ерлан Қарин бұл проблемалар мемлекеттің жіті назарында екенін атап өтті. Мемлекеттік органдар қажетті институционалдық шешімдер әзірлеп, сын-қатерлердің алдын алу тетіктері мен алгоритмдерін жасады.

Мемлекеттік кеңесшінің пікірінше, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды заң талаптарына қайшы ақпараттан қорғауға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізудің маңызы зор. Аталған шараларды жүзеге асыруға азаматтық институттарды және ата-аналарды да тартқан жөн.

Жиын соңында Ерлан Қарин жауапты мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ТАРИФ ҚЫМБАТТАЙ МА?



Астана қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы тұрмыстық қатты қалдықтар тарифін көтеру мақсатымен жасалған құжатты мәслихаттың қарауына ұсынады. Яғни, халық санының өсуі мен қалдықтар көлемінің артуына байланысты тариф те өзгереді. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Қазіргі кездегі тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) шығару тарифі мәслихат шешімімен бекітіліп, 2020 жылдан бастап қолданысқа енгізілген. Оның негізіне қалдықтарды жинау және сақтау нормаларының есебі мен қалдықтарды өңдеумен айналысатын компаниялардың шығындары кіреді. Биыл бір тұрғынға шаққандағы қалдық жинау және сақтау нормалары қайта есептелді, олар соңғы 12 жыл бойы қарастырылмаған еді. Бұрын бұл көрсеткіш 2,16 текше метрді құраса, бүгінде ол 3,13 текше метрге жетті» деп түсіндірді Е.Каналимов.

Оның айтуынша, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы мәслихат қарауына тарифтерді көтеру бойынша іс-шаралар мен есептер топтамасын дайындап жатыр. «Бұл қажеттілік бірқатар маңызды факторларға байланысты туындап отыр: қызмет көрсету шығындарының өсуі, инфрақұрылымға инвестиция салу, халық санының өсуіне байланысты қалдықтар көлемінің артуы, жергілікті бастамаларды қолдау және талаптар мен стандарттарды сақтау. Сонымен бірге, кейбір әлеуметтік осал топтарға арналған жеңілдіктер сақталып қана қоймай, кеңейтілетін болады» деді мәслихат төрағасы.

ЕСІРТКІНІҢ ЗИЯНЫ АЙТЫЛДЫ



Астана қалалық мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Азамат Айтхожин елордаға балалар құрылтайына келген оқушылар көшбасшыларымен кездесіп, есірткіге қарсы күрес туралы ой-пікір алмасты. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты хабарлады.

Халық қалаулысы есірткі қылмысына жастардың көбірек тартылатынына назар аударды. «Қазіргі заңнамамызға енгізілген өзгерістер мен санасыздық ешкімді қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды. Қазіргі таңда мектеп оқушылары да есірткі қылмысына барып, 10 жылға бастандығынан айрылып жатқаны туралы естіп-біліп жүрсіңдер» деді депутат.

Оның пайымдауынша, есірткі бизнесіне қарсы күрестің тиімділігін арттыру және алдын алу әдістерін өзгерту қажет. «Біз жастарға есірткіні қолдану жеке адамның деградациясына және денсаулығына зор қауіп төндіретінін қоғамға ашық жеткізуіміз керек. Нашақорлық адамның денсаулығына ғана емес, сондай-ақ айналасындағыларға да қауіп төндіреді, өйткені ол азғындық пен агрессивтік мінез-құлыққа әкелуі мүмкін» деген пікірін айтты ол. Сөзін түйіндей келе, Азамат Айтқожин жастарға бос уақытын тиімді өткізуге, дамуға, жаңа білім алуға кеңес берді. «Кез келген қалада әр ауданнан сендер спорт алаңдары мен өнер ордаларын таба аласыңдар. Ең бастысы, осы артықшылықтардың барлығын пайдалану білулерің керек» деді ол.

LRT құрамдары толығымен автоматтандырылған және пилотсыз болады.

ОПЕРАТОРЛАРДЫ ОҚЫТАДЫ

Алайда «City Transportation Systems» компаниясы жолаушылардың қауіпсіздігі мен пойыздың техникалық жағдайын қадағалайтын пойыз операторларын оқуға қабылдай бастады. Оқу мерзімі – 1 жыл. Үміткерден теміржол көлігі саласындағы жоғары білім және локомотив машинисі ретінде 3 жыл немесе локомотив машинисінің көмекшісі ретінде 5 жылдық жұмыс тәжірибесі талап етіледі.



АЛАЯҚТАРДАН САҚТАНДЫРДЫ

Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы өздерін әкімдік қызметкері ретінде таныстырып, алаяқтық жасауы мүмкін қоңырау шалушылар туралы ескерту жасады.

«Әкімдік қызметкерлері атынан жер учаскесін беру туралы хабарлайтын қоңырауларға назар аудармауыңызды сұраймыз. Күмәнді қоңыраулар немесе хабарламалар алған жағдайда алаяқтық туралы арызбен Полиция департаментіне жүгіне аласыздар» делінген мекеменің Telegram-арнасында.

2006 жылдың мамыр айынан бастап Астана қаласының аумағында бос жерлердің жоқтығына байланысты жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру тоқтатылғаны мәлім. Ресми хабарламада айтылғандай, 2022 жылдың 1 наурызынан бастап кезекті қарау электронды үкіметтің egov.kz порталында электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы жүзеге асырылады. «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу (10 сотық) кезегін қарау немесе кезекке қою» қызметі толығымен автоматтандырылған және ел азаматтары бұл қызметті өздері пайдалана алады.

АИТВ – ҚАУІПТІ ДЕРТ

Елордада тоғыз айдың ішінде адамның иммунтапшылық вирусы инфекциясын (АИТВ) жұқтырудың 327 фактісі тіркелді. Бұл туралы Астана қаласының АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

Орталықтың хабарлауынша, АИТВ инфекциясын жұқтырғандардың 75,2% – ерлер, 24,8% – әйелдер және олардың 62,4 пайызы – 20 және 39 жас аралығындағы азаматтар.

«Жыл сайын астаналықтардың 25%-дан астамы АИТВ-инфекциясына тексеріледі. Тегін тестілеудің қолжетімділігі мен уақтылы жүргізілуінің арқасында инфекция жұқтырудың 80%-дан астам жайты дерттің 1-2 сатысында анықталады. Айта кетсек, инфекция таралуының алдын алуда уақтылы диагностикадан өту маңызды. Елімізде тегін негізде ұсынылатын антиретровирустық терапия қолжетімді» делінген хабарламада.

Айта кетсек, бүгін Астанада дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні қарсаңында АИТВ-инфекциясының алдын алу айлығы басталды. Мақсат – халықты хабардар ету, сауаттылық деңгейін арттыру, АИТВ/ЖИТС проблемаларына жұртшылықтың назарын аудару, профилактикалық бағдарламаларды қолдау, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды кемсітуді азайту.

Бір айдың ішінде медицина қызметкерлерінің, азаматтық белсенділердің, білім беру ұйымдарының, ведомстволық органдар өкілдерінің қатысуымен адамдар көп жиналатын орындарда, сауда-ойын-сауық орталықтарында, базарларда, теміржол вокзалдарында, әуежайда, сондай-ақ басқа өңірлерден келген қала қонақтары үшін АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі маманға тестілік консультациядан кейін міндетті түрде АИТВ-инфекциясына жедел тестілеу шаралары өтеді.

Одан бөлек, айлық аясында жастар денсаулық орталықтарының ерікті лерін тарта отырып, студенттерге арналған форумдар, пікірталас, флешмоб, дөңгелек үстел және викториналар ұйымдастырылады.



№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі





ЕЛОРДАНЫҢ ЕСІЛ АУДАНЫ

Астананың үшінші ауданы құрылған кезде оған Есіл деген атау берілді. Жаңа Нұра ауданы ашылғанға дейін ол Астананың сол жағалауын түгел қамтыды. Қаланың барлық басты оқиғалары дәл осы жерде ұйымдастырылып, елордаға шетелдерден келетін мәртебелі қонақтардың кортеждері де осы аудан арқылы өтеді және бұл жерде астаналықтар жұмыс істейтін мекемелер көп. Бүгінде аудан әкімдігі қала тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін күш жұмылдыруда. Біз Есіл ауданының әкімі Дәрменияр ҚЫДЫРБЕКҰЛЫМЕН кездесіп, өзімізді толғандырған сұрақтарға жауап алдық.

– Әкімдік қызметінің ауқымы өте зор екені белгілі. Бірақ сіз барлық істі бірдей, атап айтсақ, ЭКСПО аумағында ұйымдастырылған түрлі концерттердегі тәртіпті қадағалай отырып, көлік кептелісіне жол бермей, қоқыстың уақытында шығарылуы мен аулаларды абаттандыру секілді осыншалықты күрделі мәселелерді қалай ұйымдастыра алдыңыз?

– Бұл – тек біздің ғана емес, біз секілді өз бағыттары бойынша жұмыс істейтін қаланың көптеген қызметтерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Рас, біздің аудан астананың бет-бейнесін көрсететін карточкасы іспеттес. Тұрғындардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз етіп, көшелерді, гүлзарлар мен алаңдарды абаттандыру арқылы әртүрлі міндеттерді шешіп жатқанымыз шындық, өйткені біздің аудан орналасқан Астананың сол жағалауы – қала қонақтары үшін елорданың тартымды орталығы. Қонақтар дегенде, еліміздің түкпір-түкпірінен келген туыстары ма, әлде Қазақстанға ресми сапармен ат басын бұрған мемлекеттік мәртебелі өкілдер ме, бұл маңызды емес. Қала кез келген адамның өмір сүруі, жүріп-тұруы үшін ыңғайлы болуы керек. Қонақтардан басқа, күн сайын қоқыс шығару және аулаларды абаттандыру, жаңа жолдарды асфальттау, сондай-ақ жаңа мектептер, балабақшалар салу секілді проблемалар туындайды. Біз барлық мәселелерден хабардар болуға тырысамыз және олар аз емес, арасында жүйелі мәселелер бар, оларды шешу үшін күнделікті жұмыс істейміз, одан бөлек, маусымдық мәселелер, сонымен қатар төтенше жағдайлар бар. Экологиялық проблемалар да туындап жатады. Дәл осы соңғы мәселенің алдын алу мақсатында біздің қала, соның ішінде Есіл ауданы да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына атсалысты.

– Әкімдік жұмысында аудан тұрғындарымен кездесулердің ерекше орын алатыны анық. Бұл ретте астаналықтар қандай мәселелермен және ұсыныстармен жиі жүгінеді?

– Тұрғындармен бетпе-бет кездесіп, тікелей диалог жүргізу өте маңызды. Біздің азаматтармен кездесулеріміз әртүрлі форматтарда, соның ішінде жеке қабылдаулар түрінде, жергілікті жерлерде, аулаларда және басқа да проблемалық учаскелерде өтеді. Бұл мәселелердің шұғыл шешілуіне мүмкіндік береді. Біз тұрғындардың ұсыныстарына барынша жедел ден қоюға және күрделі мәселелердің тиімді шешімдерін табуға тырысамыз.

Мәселен, жыл басынан бері Есіл ауданы әкімінің аппаратына ikomek109 қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы арқылы тұрғындардан 10 800-ден астам өтініш келіп түсті. Бұдан басқа, біз әлеуметтік желілерде ай сайын 300-ден 400-ге дейін өтініш келіп түсетін парақшамызды белсенді жүргізіп келеміз.

Өткен аптада бізге тұрғын үй кешендерінің бірінің белсенді тұрғындары хабарласты. Олар тұрғын үй кешенінде туындаған жарықтандыру, жол қауіпсіздігі және көгалдандыру мәселелері туралы айтты. Біз кездесіп, оларды шешу үшін барлық ескертулерді ескере отырып, жұмысқа кірістік. Өтініштердің көбі маусымдық мәселелермен байланысты, демек қазіргі таңда азаматтар абаттандыруға және қалалық ортаның сапасына бейжай қарамайды.

Қыс мезгілінде қала тұрғындары аумақтарды қар мен мұздан тазартуды өтінеді. Олар жұмыстың жедел жүргізілгенін қалайды, біз оны коммуналдық қызметтердің жоспарлы жұмысының көмегімен қамтамасыз етуге тырысамыз.

Көктемде, әсіресе қар еріп, су жиналғанда ағынды суларды ағызу мен соруға қатысты мәселелер көбірек туындайды. Біз мәселенің маңызын түсінеміз және жыл сайын су тасқынының алдын алу шараларын күшейтіп келеміз. Сондай-ақ тұрғындар жол инфрақұрылымының жай-күйін жақсарту және қоқыс жинауды ұсынып жиі жүгінеді. Бұл мәселелер қала тұрғындарының жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты болғандықтан, біз оларды мүмкіндігінше кешіктірмейміз. Қала тұрғындарының белсенді азаматтық ұстанымын бағалаймыз және аудандағы жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстарды тыңдауға қашанда дайынбыз. Бізге келіп түскен барлық өтініштер мұқият қаралады және біз оларға барынша жедел ден қоюға тырысамыз.

– Ауданды абаттандыру мен көгалдандыруды дамытуда қандай негізгі жобалар және бастамалар енгізілуде? Соңғы 6 айда не істелді? Экологиялық жағдайды жақсарту жоспарлары қандай?

– Аудандарды көгалдандыру – біз үшін аса маңызды міндет, өйткені жасыл кеңістіктер ауаны тазартып қана қоймайды, экоклиматты жақсартады. Бүгінгі таңда ауданда жалпы аумағы 120 гектар болатын 4 саябақ, ауданы 64 гектарды құрайтын 26 саябақ, 27 гектар жерде орналасқан 2 бульвар, сондай-ақ 98 гектар жерді алып жатқан әйгілі Ботаникалық бақ бар. Ағымдағы жылы 4 000-нан астам ағаш және 30 000-ға жуық бұталар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Жалпы аудан аумағында биыл 13 000-нан астам ағаш және 70 000-нан астам бұталар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Күзгі кезеңде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 1 000-нан астам қылқан жапырақты және жапырақты ағаш отырғызу жоспарланған. Жасыл кеңістіктер қаланың эстетикалық тартымдылығын арттыра отырып, демалуға және серуендеуге ерекше жағдай жасайды. Мұғалімдер күні қарсаңында және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауданның білім беру мекемелерінің басшыларымен бірге Ботаникалық бақта 40 ағаш отырғыздық. Сондай-ақ аудан тұрғындары арасында тазалық пен экомәдениет тақырыбында блиц-сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – азаматтардың тазалықты сақтау және қоршаған ортаны қорғау туралы пікірлерін білу және адамдардың экология мәселелерінде қандай қиындықтарға тап болатынын түсіну болды. Сауалнамаға қатысушылар ауданды таза ұстау үшін қандай шараларды ең тиімді деп санайды, олар тазалау шараларына қатысты ма, қоқыстарды бөлек жинай ма және қалдықтарды рұқсатсыз шығару жағдайында не істеу керек деген сұрақтарға жауап берді. Респонденттердің көпшілігі жылы күндерде өткен экоакцияларды қолдайтындарын жеткізді. Ересектер жағы мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақ үшін маңызды үлгі екенін айтып, жастарды тазалық пен абаттандыру марафонына белсенді қатысуға шақырды.

Бұдан бөлек, тазалық пен экология акциясын тек қала тұрғындары ғана емес, елшіліктер, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз «ҰК» АҚ сияқты ұлттық компаниялар да қолдады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында күз басталысымен осы ұйымдардың қызметкерлері сенбіліктерге белсене қатысып, ағаш отырғызып, суарып, қоғамдық аумақтарды тазалап, Қарасу өзені мен Нұра-Есіл каналының жағалауларын қоқыстан тазартты. Біз барлық қатысушыларға тазалық айлығына белсенді қатысқаны, экологиялық жағдайды жақсартуға қосқан үлесі және қаламызға қамқорлығы үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

– Жыл сайын «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында аулалар жаңартылып отырады. Биыл қанша аулада жөндеу жұмыстары жүргізілді?

– Біз аулаларға ерекше назар аударамыз, өйткені бұл – жай ғана үй маңындағы аумақтар емес, адамдар уақытының көп бөлігін өткізетін қоғамдық кеңістіктер. Мәселен, биыл біз аула аумақтарын абаттандыру бойынша айтарлықтай жұмыс істедік. 35-тен астам аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, 30-дан астам мекенжайда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, бұл аулалардың, ойын алаңдары мен үй маңындағы аумақтардың жағдайын жаңартуға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы жұмысымыздың маңызды бір бөлігі – тұрғындарды үй маңындағы аумақтарды жақсартуға бағытталған «Халық қатысатын бюджет» жобасы. Биыл тұрғындар 30 жоба тапсырды, оның 11-і шарттарға сәйкес келді. Ең көп дауыс жинаған 4 жоба іске асырылды. Сонымен қатар, тағы 3 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындарының белсенділігі ауданымызды одан да жайлы әрі заманауи етуге көмектесетінін көрсетті.

– Бүгінде қандай маңызды құрылыс жобалары іске асырылу сатысында тұр?

– Солардың бірі – Мәңгілік ел даңғылын қайта құру. Ағымдағы жылы Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы Керей, Жәнібек хандар көшесінен Ұлы дала даңғылына дейінгі учаскеде бульвар бөлігін жаңарту, тротуарларды қайта жаңарту және аумақты көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. 952 ірі ағаш, негізінен, қара ағаштар, сондай-ақ бұталар отырғызылды және автоматты суару жүйесі орнатылды. Сонымен қатар, жоба аясында «Ұлытау» сквері абаттандырылды. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Керуен» паркі мен Мәңгілік ел даңғылы, 36в үйдің бойындағы сквердің құрылысын жүргізуде. Бұл жоба екі кезекте жүзеге асырылуда, ол 2025 жылы аяқталады деп күтілуде.

– Қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қандай игі істер атқарылуда?

– Кедергісіз орта құру дегеніміз – бұл тұрғындарымыздың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды әлеуметтік міндет. Сондықтан бұл жұмыс – үнемі аудан әкімдігінің бақылауында. Айтпақшы, жақында менің инклюзия мәселелері жөніндегі кеңесшім Жанат Қабдолла аудан көшелерімен жүріп, олардың мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қаншалықты ыңғайлы екенін, пандустардың қай жерлерде барын, қай жерлерде жетіспейтінін өз көзімен көріп, тексеріп қайтты. Әрине, мұндай бастама ауданның инклюзивті ортасын жақсартуға және мобильділігі төмен азаматтардың кедергісіз қозғалуына мейлінше жағдай жасауға мүмкіндік береді. Тексеру барысында пандустардың сапасы мен стандарттарын бағалай отырып, оларды жақсарту бойынша ұсыныстар дайындалды.





2023-2027 жылдарға арналған мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін кедергісіз орта сапасының мониторингін қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасы шеңберінде біз аудандағы әлеуметтік маңызы бар объектілерді түгендеуді жалғастырудамыз. Паспорттау халықтың мобильділігі төмен топтары үшін қолжетімділік талаптарына сәйкес келмейтін объектілерді анықтауға және оларды бейімдеу үшін жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Осы процестерді үйлестіретін және бақылайтын жұмыс тобы құрылды. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен тұратын бұл топ білім беру, спорт, мәдени және медициналық мекемелер сияқты нысандарға ерекше назар аударып келеді. Бұл мекемелерге ерекше жандардың кедергісіз кіріп-шығуын қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. 2021 жылдан бастап біз осы бағытта айтарлықтай жұмыс істеудеміз.

Ауданда халықтың мобильділігі төмен топтары 214 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына кедергісіз кіріп-шыға алады. Олардың 163-і толық қолжетімді, ал 49-ы ішінара, яғни жүріп-тұруы қиын адамдарға, оның ішінде 39-ы есту қабілеті нашар адамдарға, 65-і көру қабілеті нашар адамдарға және мүгедектер арбасымен қозғалатындарға бейімделген. Бұл ақпараттың барлығы inva.gov.kz мамандандырылған порталға енгізілді. Нысандардың қолжетімділігін онлайн режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Біз сондай-ақ шағын, орта және ірі бизнес мекемелерінің, ұйымдарының басшылары арасында кедергісіз орта құруға қойылатын талаптарды ақпараттандыру және түсіндіру бойынша белсенді жұмыс жүргіземіз. Бұл ретте пандустарды, лифттерді, тактильді плиталарды орнату, қолжетімді тұрақ орындары мен санитарлық аймақтарды құру секілді мәселелерді талқылау мақсатында үнемі кездесулер өткізіліп тұрады. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мәселесін назардан тыс қалдырмаймыз, алдағы уақытта да орын алған проблемаларды дер кезінде шешуді жалғастырамыз.

– Білім беру саласында қандай өзекті мәселелер шешілуде, ауданда жаңа мектептер салынып жатыр ма, мектепке дейінгі мекемелер, демалыс және аула клубтары жеткілікті ме?

– Ауданда білім беру және демалыс инфрақұрылымын дамытуға байланысты мәселелер шешілуде. Біз тұрғындарымыздың жайлы өмір сүруі үшін мектептер мен балабақшалардың болуы ғана емес, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер дамып, бос уақыттарын өткізе алатын кеңістіктер құру маңызды екенін түсінеміз. Үкімет қаулысына сәйкес, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында биыл ауданда екі ауысымда 16 000 оқушыға арналған 4 мектеп салынды. Олар 1 қыркүйек – Білім күнінде ашылды. Тағы 2 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр, олар жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде олардың бос уақытына барынша көңіл бөлу қажет. Бұл ретте аула клубтарын құру маңызды. Қазіргі уақытта аудан бойынша 4 аула клубы жұмыс істейді. Онда балалар спортпен шұғылданады, шет тілдерін үйренеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, музыкалық және көркемдік үйірмелерге қатыса алады. Мұның бәрін тегін. Бүгінде клубтарға жүздеген балалар келіп жүр және оларға сұраныс артуда.



Өткен жылы ауданымызда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіруге және оңалтуға бағытталған Инклюзивті аула клубы ашылды. Әр бала дамып, қоғамдық өмірге араласуы керек.

– Есіл ауданына қарайтын тұрғын алаптарда қандай абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр? Қала маңындағы тұрғындарды қандай мәселелер жиі мазалайды?

– Біз ауданның орталық бөлігінде ғана емес, оның шетінде де тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау бағытында белсенді жұмыс істеп келеміз. Есіл ауданында 30 мыңға жуық адам тұратын төрт тұрғын алабы бар. Олар: Пригородный, Тельман, Заречный және Шұбар. Аудан әкімдігі тұрғын үй алаптарын дамытуды үнемі назарда ұстап келеді. Халықпен кездесулердің қорытындысы бойынша қала әкімінің тапсырмаларын орындаудың нақты мерзімдерін қамтитын Жол карталары әзірленуде. Әр картада абаттандыру, көгалдандыру және жарықтандыру секілді негізгі бағыттар көрсетілген. 2022 жылы «Пригородный» тұрғын алабында Жаңадария көшесі мен «Юг» тұрғын үй кешеніндегі қоғамдық кеңістіктер абаттандырылды. Биыл Қабанбай батыр даңғылы, 105 және 105а бойындағы «Қуаныш» ТК-де балалар мен спорт алаңдары қайта жаңартылды. Балаларды қорғау күні мерекелік бағдарлама ұйымдастырумен бірге осы аулалардың салтанатты ашылуы өтті. Былтыр қала маңында көше жарығының жаңа тіректері орнатылды. Сондай-ақ көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Соңғы екі жылда «Пригородный» және «Тельман» тұрғын аудандарында 720-дан астам ағаш отырғызылды. Суару және оларға күтім жасау күнделікті жүзеге асырылады. Осы бағыттағы жұмыстар ауданның барлық тұрғын алаптарында жалғасатын болады.

– Аудан әкімдігіне шетелдік ұйымдар қаншалықты жиі келеді? Қазірдің өзінде олармен қандай байланыстар бар?

– Мысалы, жақында Эллинико-Аргируполи мэрі Яннис Константатос бастаған Грециядан келген делегациямен ресми кездесу өтті. Бұған дейін екіжақты қатынастарды дамытуға және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталған Есіл ауданының әкімдігі мен Эллинико-Аргируполи муниципалитеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Барлық қажетті шарттарға қол қойылғаннан кейін біз қонақтарымызға елорданың «Бәйтерек» монументі, Nur Alem мұражайы, Ботаникалық бақ және Орталық мешіт секілді көрікті жерлерін көрсеттік.

– Астанада әрбір адамның өз сүйікті орны бары белгілі. Сіз үшін осындай жер қайсы?

– Әрине, бұл – Ботаникалық бақ. Бұл жерге тек жұмыс бабымен ғана емес, кешкісін отбасыммен бірге барып, серуендегенді ұнатамын. Мен үшін бұл бақ – елордадағы ең маңызды орындардың бірі. Ол жерде біз отырғызған ағаштар өсіп келеді. Жақында ХВҚ қоры директорының орынбасары-басқарушысы Бо Лимен бірге онда шырша отырғыздық. Мұндай іс-шаралар халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, бірлесіп дамуға деген ұмтылысты айшықтай түседі.

Айгүл АЛЬЖАКСИНА,
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ҮЙІРМЕДЕ ҮЙРЕНЕРІ КӨП

2021 жылы жасөспірімдерге қосымша білім беру үшін мемлекеттік тапсырыс институты енгізіліп, білім беру орталықтары, мәдени үйірмелер және спорттық секциялардың жұмысы жанданды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасымен іске қосылған бастаманың нәтижесінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік туды. Бұған дейін бірнеше басқарма мемлекеттік тапсырыстың орындалуына жауапты болып келсе, қазір Мемлекеттік шығармашылық тапсырыстарды іске асыру дирекциясы құрылып, ваучерлерді белгілейді. Біз мекемемен хабарласып, жұмыс қалай жүргізіліп жатқанын білдік.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

2023 жылдың 4 желтоқсанда Астана қаласы әкімдігі жанынан Мемлекеттік шығармашылық тапсырыстарды іске асыру дирекциясы құрылды. Сөйтіп, 2024 жылдан бастап ағартушылық, мәдени және спорттық үйірмелердің тапсырысын орындауды бір орталық үйлестіретін болды.

– 2024 жылдың 19 қаңтарында «Береке» ЖК-мен «Дамубала» платформасында қолжетімділікті қамтамасыз ету туралы шарт жасалды. Бүгінде елордада шығармашылық үйірмелердің 49 түрі бойынша 1232 үйірме жұмыс істейді. 1 қарашадағы ақпаратқа сәйкес, елордада мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бойынша белсенді ваучерлер саны – 23982, ал уақытша ваучерлер саны – 821. Өтінім бойынша мақұлдау алған өнім берушінің жалпы саны – 343. Оның ішінде белсенділері – 191. Жыл басында 3 000,0 миллион теңге бөлінсе, екінші жаңартуда 1 600,0 миллион теңге бөлінді. Бұл Мәдениет басқармасының жалпы бюджетінің 25,4 пайызын құрайды, – деді мекеме басшысы Ерлан Жалғас.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Artsport жұмысына қатысты қателік болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жымқыру басталды. Ата-аналар баласын бірден бірнеше үйірмеге берді. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесті. Кемшілікті түзетіп, игі бастаманы жалғастыру керек» деп ескерткен еді. Яғни ваучерлерді әділ бөлу және бөлінген ваучерлер талапқа сай жұмыс істеуін қадағалау маңызды.

– Өнім берушілер тарапынан ережеге бұзушылықты біздің мониторинг және талдау бөлімі тез арада ескерту жұмысын жүргізіп, алдын алуда. Қазір балаларды шығармашылық үйірмелерге қатыстырып қана қоймай, олардың өнерін шыңдауға мән беріп, бірлескен іс-шараларды өткізудеміз. Мәселен, Конституция күніне орай «Конституция – бала көзімен» атты көрмеге 16 өтінім беруші мен 200 бала қатысты. 15 қазанда «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында балет үйірмесі бойынша есептік концерт болды. Оған 8 өтінім беруші мен 200 бала қатысты. «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты ауқымды іс-шарада домбыра үйірмелерінен 3243 қатысушы Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Бұл іс-шара Қазақстан рекордтар кітабына енді, – деді Мемлекеттік шығармашылық тапсырыстарды іске асыру дирекциясының басшысы.

Балаларға қосымша білім беретін мемлекеттік тапсырыс институты – ұтымды жоба. Бір жағы баласын тегін үйірмеге берген ата-аналарға үлкен көмек. Екінші жағы, жасөспірімдердің рухани-мәдени, спорттық тұрғыда өсуіне септігі көп. Енді үйірмелердің сан алуандылығына мән беріп, ваучерді бөлуде ашықтық пен жариялықты қамтамасыз ету маңызды. Өйткені балалардың үйірмеден үйренері көп.

– 1-10 қараша аралығында 2025 жылғы арналған жаңа өтінімдерді қабылдаумыз. Біз өтінім берушілердің санын және жаңа үйірмелер бағытын арттыруды жоспарлап отырмыз. Ал қараша айының соңында балалардың санын арттыру мақсатында жаңадан ваучер кезегі ашылады. Алдағы уақытта басқа үйірмелер түрлері бойынша бүлдіршіндерге өнер көрсетуге жағдай жасап, маңызды іс-шараларды ұйымдастыруды жоспарлаудамыз. Мемлекеттік жан басына шаққандағы нормативті қаржыландыру бағдарламасы аясында өнім берушілермен бірлесе жұмыс істей отырып, болашақ ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытып жатқанымызға қуаныштымыз, – дейді Ерлан Жалғас.



№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі

ЖОЛДАУДЫҢ ЖҮГІ АУЫР, МАҚСАТЫ АЙҚЫН



Парламент Сенаты жанындағы Сенаторлар Кеңесінің мүшесі Еділ Мамытбеков өзіндік айтар ойы бар, өмірден алған тәжірибесі мол азамат ретінде белгілі. Қоғам белсендісімен Президент соңғы Жолдауында не мәселеге маңыз берді, Үкіметке нақты қандай талап қойды, осы сұрақтарды талқыладық.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында алдымызға қандай мақсат қойып отыр?

– Жолдау – тұрақтылық пен өсімді нығайту үшін бірқатар саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыруға, оның ішінде жоғарыда аталған жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған маңызды құжат. Бағдарламалық құжатта елдің орта мерзімді перспективасы айқындалды.

Біріншіден, Президент қоғамның барлық саласында заң үстемдігін күшейтіп, сыбайлас жемқорлықпен күресуді тапсырды. Яғни әділдік пен заңдылықты орнатып, заң алдында барлығы тең құқықтық мемлекет құруға басымдық беріледі. Алдағы мақсатқа жетуде мемлекеттік және құқықтық институттарды реформалау маңызды.

Екіншіден, бизнесті ынталандырып, экономиканы әртараптандырып, шикізатқа тәуелділікті азайтуды талап етті. Бұл – орта мерзімді міндет, өйткені инвестиция тарту және инновациялық технологияларды енгізу үшін жаңа өндірістер құрылады.

Үшіншіден, білім беру, денсаулық сақтау және экономиканы қорғау саласына инвестиция тарту қажеттігі айтылды. Бұл шаралар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және болашақ кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл бағыттағы бастамалар елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, мемлекеттік басқару жүйесімен, сервистік қызмет көрсету саласы цифрландыруға маңыз берілді. Инновациялық технологияны және жасанды интеллектіні меңгеруді міндеттеді.

Бесіншіден, экологиялық тұрақтылық мәселесі назардан тыс қалмады. Баламалы энергетиканы дамыту, «жасыл» технологияны енгізу орта мерзімді перспективада жүзеге асырылатын жоба.

– Соңғы жылдары елде атқарылып жатқан әлеуметтік және экономикалық бастамаларды қалай бағалайсыз?

– Президенттің бастамасымен мемлекеттік саясатты байыпты жаңғырту және тәуелсіздік жылдарында қордаланып қалған жүйелі проблемаларды жою шаралары қолға алынды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан экономиканы әртараптандыру өз деңгейінде жүргізілмей, мемлекеттік бағдарлама тиісті нәтижесін бермеді. Бір мысал келтірейін, 2010 жылдары қабылданған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша 2015 жылға қарай ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 16-17, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 12 пайызға жеткізу міндеті қойылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 12,2 және 11,7 пайызды құрады.

Демографиялық өсімге сай әлеуметтік инфрақұрылым жетілдірілмеді. Логистикалық инфрақұрылым – автокөлік жолдары, теміржол рельс жолдары мен бекеттері, әуежайларды кеңейту кенжелеп қалды. Жарық және жылу жүйесі жаңартылып, жаңғыртылмау салдарынан энергия тапшылығы орын алуда. Міне, Тоқаев билігі осындай күрделі мәселелермен бетпе-бет келіп, шешу жолдарын қарастырып, жүйелеу жұмыстарын жүргізуде.

– Экономиканы әртараптандыруда банк секторының ықпалы зор. Елдегі қаржы институттарының бизнесті қолдаудағы үлесіне қандай баға бересіз?

– Қаржы институттарының қалыптасып, дамуына, экономиканың нақты секторын қаржыландыруын Ұлттық банк бағалайды. Бірақ, бір нәрсе анық, ол – қаржы жүйесі нақты экономикаға бет бұрған жоқ. Банк жүйесі шектен шығып, бірнеше монополист қаржы нарығын бақылап және бизнестің дамуына мүдделі еместігін көрсетуде. Бұған индустриалды-инновациялық жобаларды қолдауы тиіс Қазақстанның Даму банкінің жұмысы айқын мысал. Президент айтқандай, Даму банкі оншақты ықпалды адамның «жеке» банкіне айналды. Жуырдағы Жоғары аудиторлық палата төрағасының есебінен қаржы институты ешқандай қорытынды жасамағанын ұғуға болады.

Өкінішке қарай, Ұлттық банкте екінші деңгейлі банктер мен шағын кредиттік ұйымдарына ықпал ету құралдары болмағандықтан, елдің қаржы нарығында әлі де дұрыс тәртіп орнаған жоқ. Меніңше, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің рөлі бұлыңғыр сынды.

– Бұл мәселелер мемлекеттік басқару жүйесіндегі кемшіліктерден орын алғаны анық. Солай ма?

– Әрине, өте көп. Соның бірі – кадрды даярлау жүйесінің кәсіпорындар мен секторлардың нақты қажеттілігіне бағдарлануын ескере отырып, еңбек нарығының құрылымдық тепе-теңдігінің негізгі міндетін шешуді қамтамасыз ету механизмі құрылмағанын мойындау керек. Ғылым және жоғары білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Өнеркәсіп және құрылыс, Көлік, Энергетика, Ауыл шаруашылығы және басқа министрліктер арасында тиісті ведомстволық өзара үйлесімді іс-қимыл жоқ.

«Қазақстан-2030» Стратегиясында кәсіби Үкімет қалыптастыру жағы маңызды міндет ретінде қойылды. Алайда кадр мәселесі әлі күнге дейін күрделі екенін көріп отырмыз.

– Бізде не көп – бағдарлама көп! Егер стратегиялық басымдықтар нақты атқарылса, қазіргі жағдайымыз мүлде басқа болар еді. Президент Жолдауында көтерілген міндеттер толық орындалса, қандай нәтиже көреміз?

> Үкімет пен әкімдер Жолдауда айтылған әрбір бағытты жүзеге асыру үшін нақты «жол картасын» әзірлеуі керек. Бұл ретте Үкімет пен әкімдер республикалық деңгейде де (экономикалық немесе геосаяси сын-қатерлер) де, жергілікті деңгейде де өзгеретін жағдайларға дайын болуы керек

– Біріншіден, бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру саясаты саласындағы мәселелер шешіледі. Яғни шикізаттық бағыттан бас тартып, әлеуметтік бағдарланған экономикаға бағыт бұру.

Екіншіден, мемлекеттің экономикаға қатысуында белгілі дәрежеде функционалды теңгерімсіздік бар. Атап айтқанда, Президент әлдеқашан квазимемлекеттік секторды оңтайландыру міндетін қойды. Қазіргі уақытта бұл сектордың шамадан тыс болуы, шағын және орта бизнестің дамуына кері әсер етіп отыр.

Үшіншіден, мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттыруға басымдық беріледі. Елімізде кадр саясатын жетілдіру бойынша конкурстық іріктеу жүйесі негізінде кадр резервін дайындау тетігі енгізілді. Бұл шаралар оң нәтиже береді деген сенім бар. Кадр сапасын арттыру «командалық тәсіл принципін» жеңудің маңыздылығын түсініп отырмыз.

Төртіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген мәселелер тиімді мемлекеттік идеологияның болмауынан туындайтын сияқты. Сондықтан Президенттің Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда жариялаған негізгі идеологиялары мен негізгі құндылықтарын зор ынтамен қабылдады. Мемлекеттік идеология сапалы мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру орны зор.

Бесіншіден, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне қатысты бөлек мәселе бар. Реформалар салалық мәселені шешудің орнына, проблемаларды қордаландыра түсті. Соның салдарынан ЖОО түлектерінің еңбек нарығының талабына сәйкес келмейді. Бұл бағытта мониторингтік талдау жұмыстырын жүргізу маңызды. Білім мен ғылымды индустриялық-инновациялық негізде экономиканы әртараптандырудың стратегиялық міндеттерін шешуге бағыттау қажет. Бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әкеледі.

Алтыншыдан, тиімді басқару шешімін қабылдауда ғылыми-әдістемелік базасын құрудағы ғылымның рөлін күшейту керек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ғылымның экономикадағы өндіргіш күштердің өсу факторы ретіндегі маңыздылығын қалпына келтіру шаралары жүргізілуде. Ғылыми қоғамдастық «ұйқыдан тұрып», бұрынғыдай Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының белсенді қатысуымен үш ғылыми саланың – академиялық, өндірістік және университеттің тиімді бірлестігін үйлесімді дамуы үшін қайта құратын сынды.

– Реформаларды атқаруда қомақты қаржы керек. Ал қаржыны тиімді игеруде ашықтық пен жариялықты қамтамасыз ету маңызды.

– Дұрыс айтасыз! Қаржылық тәртіп пен ресурстарды пайдалануды нақты бақылау – табыстың кепілі. Осыған байланысты Үкіметке бюджет шығыстарын оңтайландыру, реформаларды қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету, жеке инвестицияларды тарту қажет.

Реформаны жүзеге асыру үшін жобаларды тиімді басқара алатын білікті кадрлар мен мамандар керек. Бұған экономиканың жекелеген секторлары мен өңірлерінен жасына қарамастан тәжірибелі, талантты менеджерлерді тарту, барлық төменгі деңгейде менеджмент сапасын күшейту, мамандарды даярлау және қайта даярлау бағдарламасы кіреді.

Жолдауды тиімді жүзеге асыру үшін барлық мемлекеттік органдар мен өңірлік деңгейде үйлестірілген ведомствоаралық жұмыс топтарын құруды, нақты өзара іс-қимылды, түрлі құрылымдар арасында жедел ақпарат алмасуды жолға қойғанда іс өнімді әрі сапалы болады.

Үкімет пен әкімдер Жолдауда айтылған әрбір бағытты жүзеге асыру үшін нақты «жол картасын» әзірлеуі керек. Бұл ретте Үкімет пен әкімдер республикалық деңгейде де (экономикалық немесе геосаяси сын-қатерлер) де, жергілікті деңгейде де өзгеретін жағдайларға дайын болуы керек.

Жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді, сондай-ақ тәуекелдерді есепке алу үшін өзгерістерге икемділік пен бейімделуді сақтау, сыртқы өзгерістерге жылдам әрекет ету және бағдарламаларды түзету, бизнес пен қоғаммен диалогты қамтамасыз ету маңызды.

Жолдауды жүзеге асыруда негізгі жүк өңірлерге түседі. Осыған байланысты әкімдер өңірлік бағдарламаларға қатысты ұлттық міндеттерді бейімдеп, түзетіп, әр өңірдің ерекшелігіне сәйкес келетін өңірлік даму бағдарламасын әзірлеуі маңызды.

Осындай кешенді, жоспарлы жұмыстардың нәтижесінде Президент атағандай, 2029 жылға қарай ішкі жалпы өнімді 450 миллиард долларға дейін екі есеге арттыруға мүмкіндік болады.

– Президенттің соңғы үш Жолдауында «әділдік» тіркесі қолданды. Тағы бір байқағанымыз, «әлеуметтік оптимизм» терминін қолданды. Бұған байланысты не дейсіз?

– Сөзсіз, әділдік болмай, жеңістікке жету мүмкін емес. Өркениет көшіне бастаған кез келген басшы алдымен өзі әділ де адал, содан кейін қоғамның барлық саласында әділдік принциптерін орнатуы керек. Онсыз мақсат – баянсыз, мұрат – бағдарсыз болады.

Дұрыс аңғардыңыз, Жолдаудың атауында «әлеуметтік оптимизм» термині бар, бірақ мәтіннің еш жерінде оның мәні ашылған жоқ. Мұны Мемлекет басшысы әр азамат оның мәнін өзі анықтай алуы үшін әбден саналы түрде жасады деп ойлаймын. Менің ойымша, бұл термин Жолдаудың азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға, олардың шешімдер қабылдау үдерісіне және елді басқаруға қатысуына, сондай-ақ қоғамда жағымды және өнімді көңіл-күй қалыптастыруға бағытталған барлық құрамдас бөліктерін жинақтайды. Сонымен қатар, қоғамдық оптимизм популистік уәделерге емес, әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тұрақтылықты жақсартуға бағытталған дәйекті қадамдарға құрылуы керек.



Сұхбаттасқан
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ОҢАЛТУ – ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ҚАДАМ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Науқас аурудан, жарақаттан немесе операциядан кейін қалыпты өмірге оралуы үшін көбіне оңалтуды қажет етеді. Дененің жоғалған функционалдығын қалай қалпына келтіруге болатындығы туралы біз реабилитолог, кинезитерапевт, № 13 қалалық емхананың жаттықтырушысы және оқытушысы Батима Өмірзақовамен әңгімелескен едік.



– Науқастар үшін оңалту шаралары қаншалықты маңызды?

– Оңалту адам денсаулығын қалпына келтіруде маңызды рөл атқарады десем, қателеспеймін. Егер операция сәтті болса және науқас қанағаттанарлық жағдайда шығарылса, онда тынышталуға ерте. Бір-екі оңалту процедурасынан өту керек, өйткені оңалту физикалық және психикалық денсаулықты қалпына келтіруге, пациентті толыққанды өмірге қайтаруға бағытталған. Тағы да айтайын, оңалту кезеңі – бұл емдеуді жалғастыру және асқынуларды жоюға немесе алдын алуға бағытталған.

– Әдетте оңалту қалай жүргізіледі? Оны үйде жасауға бола ма?

– Әрине, оңалту шаралары, ең алдымен, пациентке жеке қарауды қажет етеді. Ол стационарлық мекемеде, емханада, амбулаториялық физиотерапия және еңбек терапиясын жүргізу кезінде, сондай-ақ қоғамдық орындарда, үйде, мектептерде немесе жұмыс орнында жүргізілуі мүмкін. Мысалы, менің мамандығым – оңалту, кинезитерапия және инсульт пен бас миының жарақаттарынан, сколиоздан және ортопедиялық оңалтудан кейін мотор функцияларын кәсіби қалпына келтіру. Мен науқастың қиын жағдайына түсіністікпен қараймын және қозғалу, тамақтану және басқа да маңызды қозғалыстар, соның ішінде қолдың ұсақ моторикасы сияқты жоғалған дағдыларды мүмкіндігінше тез қайтаруға немесе бейімдеуге көмектесуге тырысамын.

– Төсекке танылған науқастарға да көмек көрсетіле ме?

– Әрине, төсекке жатып қалғанына қарамастан, олармен жұмыс істеу керек. Дене функцияларын қалпына келтіруге көмектескен абзал. Мен ауыр мүгедектікке тап болған адамдармен жұмыс істеймін. Оларға қайтадан қозғалысқа оралуға, яғни төсекте отыруға, оң-сол жағына қарай аударылуға үйретемін. Мұндай науқастарға құрметпен және қамқорлықпен қарау керек, жағымсыз психоэмоционалды жағдайды өмір сүруге және қалпына келтіруге деген ұмтылысқа өзгерту керек. Оңалту сабақтары адамдарды жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратынын көремін. Біз өз жұмысымызда мультидисциплинарлық принцип ұстанамыз. Оңалтудың сауатты тәсілін қамтамасыз етуде невропатологтармен, логопедтермен және терапевттермен ынтымақтасамыз.

– Сіздің ойыңызша, осындай науқастардың басы-қасында жүрген жандарға қандай көмек қажет?

– Әрине, жақыны ауруға шалдыққан адамдарға да оңай емес. Олар абдырап, бағдарсыз, жақындарына қалай көмектесуді білмейді. Оларға психологиялық қолдау қажет, мұндай адамдарға мен телефон арқылы кеңес беремін, өз тәжірибеммен бөлісемін және мотор функцияларын қалпына келтіруді бастау туралы кеңестер беремін. Маған жеке хабарласа алмайтындар үшін онлайн кездесулер ұйымдастырамын. Менің оқыту тәжірибем туыстарыма және мамандарға қалпына келтіру процесіне белсенді қатыса алатындай жұмыс негіздерін үйретуге мүмкіндік береді.

– Жалпы, реабилитациялық стретчинг дегеніміз не?

– Өз тәжірибемде пациенттің мүдделеріне бағытталған жоғары дәлелді тиімділігі бар физикалық оңалтудың заманауи әдістерін қолданамын. Мысалы, реабилитациялық стретчинг – жарақаттардан, операциялардан немесе созылмалы аурулардан кейін тірек-қимыл аппаратының функционалдығын қалпына келтіруге бағытталған әдіс. Ол созылу және мамандандырылған физикалық терапия элементтерін біріктіреді, бұл оны оңалтуды қажет ететін адамдар үшін әсіресе тиімді етеді. Оңалту стретчинг икемділікті жақсартуға, бұлшықет кернеуін азайтуға және буындардың қозғалғыштығын қалпына келтіруге көмектесетін әртүрлі созылу әдістерін қамтиды. Бұл тәжірибені жеке және топтық форматта қолдануға болады және әрқашан білікті маманның бақылауымен жүргізілуі керек. Оңалту стретчингінің артықшылықтары көп. Бірінші ден, икемділікті жақсартады. Тұрақты жаттығулар буындардың қозғалыс ауқымын және бұлшықет ұзындығын арттыруға көмектеседі. Созылу сонымен қатар бұлшықет кернеуі мен ауырсынуды азайтады, әсіресе жарақаттан кейін. Бұл әдісті қолданған кезде қалпына келтіру жеделдетіледі. Сонымен қатар, икемділікті жақсарту және бұлшықеттерді күшейту болашақта қайталанатын жарақаттардан аулақ болуға көмектеседі. Тұрақты созылу сонымен қатар қимылдың жақсаруына және омыртқадағы стрестің төмендеуіне ықпал етуі мүмкін.

– Науқастар оңалту стретчингімен өз бетінше айналысуға бола ма?

– Иә, бірақ сабақты бастамас бұрын сіздің жағдайыңызды бағалай алатын және жеке бағдарламаны таңдай алатын дәрігермен немесе физиотерапевтпен кеңескен жөн. Мұнда бастау үшін бірнеше кеңестер беріледі. Алдымен созылудан бұрын бұлшықеттерді жылыту үшін жеңіл кардио жаттығуларын жасау пайдалы. Денені бірден ауыртуға болмайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін аптасына 2-3 рет жаттығу жасаған дұрыс. Реабилитациялық созылу жарақаттан кейін қалпына келтірудің және дененің жалпы денсаулығын жақсартудың күшті құралы. Бұл тек оңалтуға ғана емес, сонымен қатар тірек-қимыл аппаратының әртүрлі ауруларының алдын алуға көмектеседі. Стретчингті өміріңізге біріктіру арқылы сіз өмір сүру сапасын едәуір жақсарта аласыз, икемділікті жақсарта аласыз және оны төмендете аласыз.

ОҢАЛТУ СТРЕТЧИНГІНІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

СТАТИКАЛЫҚ СОЗЫЛУ:

БҰЛШЫҚЕТТЕРДІ 15-30 СЕКУНД БОЙЫ СОЗЫЛҒАН КҮЙДЕ ҰСТАУ. БҰЛШЫҚЕТТЕРДІ БОСАҢСЫТЫП, ОЛАРДЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫН АРТТЫРУДА ТИІМДІ.

ДИНАМИКАЛЫҚ СОЗЫЛУ:

БҰЛШЫҚЕТТЕР МЕН БУЫНДАРДЫ БЕЛСЕНДІРЕТІН, ОЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛҒЫШТЫҒЫН ЖАҚСАРТАТЫН ҚОЗҒАЛЫСТАР. БҰЛ ӘДІС ЖАТТЫҒУ АЛДЫНДА ҚЫЗДЫРУ ҮШІН ЖАҚСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

ПАССИВТІ СОЗЫЛУ:

БҰЛ ӘДІСТЕ СОЗЫЛУҒА КӨМЕКТЕСУ СЫРТҚЫ ЗАТТАРДЫ (МЫСАЛЫ, ҚАБЫРҒА, СЕРІКТЕС) ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

БЕЛСЕНДІ СОЗЫЛУ:

БҰЛ ӘДІСПЕН АДАМ ҚАРСЫЛАС БҰЛШЫҚЕТ ТОПТАРЫН БЕЛСЕНДІРЕ ОТЫРЫП, БҰЛШЫҚ ЕТТЕРІН ӨЗДІГІНЕН СОЗАДЫ.



МӘМС – САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛІ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі – бұл Қазақстан азаматтарына медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ететін және еліміздің денсаулық сақтау саласын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам. Ендеше, МӘМС жүйесінің қалай жұмыс істейтіні, оның артықшылықтары мен пациенттерге көрсетілетін қызметтер туралы сөз қозғаймыз.

МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

МӘМС жүйесі, ең алдымен, халықтың барлығына бірдей медициналық көмек алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ол арқылы әрбір азамат тексеристен өтіп, сырқаттарын дер кезінде анықтауға және тиісті ем-шараларды қабылдауға мүмкіндік алады. МӘМС азаматтардың өз денсаулығына салмақты қарауына, сапалы медициналық қызметті қолжетімді етуге және өмір сүру сапасын арттыруға жағдай жасайды.

ҚАНДАЙ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ БАР?

1.Тегін медициналық көмек алу мүмкіндігі: МӘМС жүйесіне тіркелген азаматтар жоспарлы медициналық тексеруден өтіп, диагностикалық және емдеу шараларын тегін ала алады.

2. Шұғыл көмек көрсету: Жүйе кез келген азаматқа шұғыл көмек көрсетіп, өмірлік маңызы бар жағдайларда қажетті медициналық шараларды қамтамасыз етеді.

3. Сапалы қызметке қол жеткізу: МӘМС арқылы денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жаңарып, кәсіби мамандардың қызмет көрсету сапасы артады.

ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер екі негізгі бағытта жүзеге асады:

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) – бұл мемлекеттік бағдарлама, яғни шұғыл және әлеуметтік маңызы бар сырқаттарға медициналық көмек көрсетіледі.

2. МӘМС аясындағы қызметтер азаматтарға сапалы медициналық тексерулер мен диагностика, профилактикалық шаралар және күрделі ем-шараларды қамтиды.

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

МӘМС арқылы Қазақстан азаматтары мынадай қызметтерді ала алады:

- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек (жалпы тексеріс, педиатрия, терапия).
- Профилактикалық тексерістер (қатерлі ісік ауруларын ерте анықтау, скринингтер).
- Диагностикалық тексерістер (МРТ, УДЗ, қан талдаулары және т.б.).
- Мамандандырылған медициналық көмек (узи, кардиология, неврология және басқа да мамандардың консультациялары).
- Медициналық оңалту қызметтері.

АЗАМАТТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ НЕ?

МӘМС арқылы әрбір азамат өз денсаулығын тұрақты қадағалап, қауіпті аурулардың алдын алу мүмкіндігіне ие. Ерте диагностика арқасында қатерлі ауруларды бастапқы кезеңдерде анықтап, емдеу шараларын қабылдау өмірді сақтап қалуға септігін тигізеді.

МӘМС – бұл жай ғана денсаулық сақтау жүйесін жаңарту ғана емес, еліміздің азаматтарына сапалы, қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз етуге арналған қадам. МӘМС арқылы әрбір адам денсаулығын қорғап, медициналық көмекке оңай қол жеткізетін орта қалыптастыра алады. Сапалы медициналық қызметті алу – әр азаматтың құқығы, ал МӘМС осы құқықты толықтай жүзеге асырудың басты жолы болып табылады.

МӘМС жүйесіне сенім артып, денсаулығыңызды қорғаңыз!

Айжамал ТӨЛЕГЕНОВА,
«Шипагер» отбасылық денсаулық орталығының директоры

Ауру мен инфекциялардың саны иммунизацияның жоғары деңгейінде ғана барынша азаюы мүмкін. Вакцинация тек жеке адамды ғана емес, жалпы қоғамды қорғауға көмектеседі.

ВАКЦИНА ТУРАЛЫ БІЛУ МАҢЫЗДЫ

Мысалы, көкжөтел жайлы айтсақ, расталған жағдайлардың 88%-ы вакцинацияланбаған адамдарға тиесілі. Бұл туралы Санэпидбақылау департаменті директорының орынбасары Жанна Пралиева иммунопрофилактикалық сұрақтар бойынша өткен қалалық штаб отырысында мәлімдеді. Аталмыш іс-шара балалар арасындағы иммунопрофилактиканы талқылауға арналған.

«Біз вакцинацияның маңыздылығы туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын, яғни белсенді ақпараттық науқанды одан әрі жалғастыруымыз қажет. Азаматтардың барлық санаттары, әсіресе балалар мен иммунитеті әлсіз адамдар үшін вакцинацияға ыңғайлы қолжетімділік үшін барлық жағдай жасалады» деп атап өтті қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова.

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі

Индира БЕРЖАНОВА

ПӘН КӨБЕЙСЕ, ОҚУШЫҒА ОҢАЙ МА?



Білім берудің сапасы жүйелі әрі тиімді оқу бағдарламасымен анықталады. Оқу бағдарламасы заман талабына сай жаңарып, ал пәндер оқушыға ең қажет, өмірлік қарапайым дағдыларды үйретуі тиіс деген сынды пікірлер қоғамда жиі айтылып жүр. Содан болар, Оқу-ағарту министрлігі білім беру мазмұнына, нақтырақ айтсақ, кейбір пәндерге өзгеріс енгізу мәселесін талқылауда. Мектепте барлығын оқыту керек деп басы «артық» әрі саны көп пәндерді енгізгенмен, оқушы одан нәтижесіз білім алуы да ықтимал екенін бүгінде білім беру көрсеткіші айқындап отыр. Астаналық сарапшылардың сөзінше, оқу бағдарламасын барлық оқушы бірдей игере алмайды.

ПӘНДЕР САНЫ МЕН САҒАТЫ НЕГЕ КӨП?

Әр оқу жылында мектептегі пәндердің сан рет өзгеріп отыруы үйреншікті жағдайға айналды. Әсіресе бастауыш сынып бағдарламасына жылда жаңа пәндер қосылып отырады. Соңғы 5 жылда елімізде «Цифрлық сауаттылық», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Шахмат негіздері», «Жаһандық құзыреттілік» секілді бірқатар пән қосылып, «Еңбекке баулу» пәні бірде алынып, бірде қайта енгізілді. Ал биылғы оқу жылы буллингке қарсы іс-шаралардың бірі ретінде «Қауіпсіздік сабағымен» толықты.

Білім берудің жаңа стандарты жайында дәстүрлі республикалық тамыз кеңесінде алдағы уақытта кейбір пәндер оқу бағдарламасынан алынып тасталуы мүмкін екені айтылды. Мұны мәлімдеген Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мектепте оқытылатын пәндер саны көбейіп кеткенін сөз етті.

– Соңғы жылдары біз пәндер санын көбейтіп жібердік. Жаңа пәндер қаржылық сауаттылық, бизнес жүргізу, дінтану, тағы да басқа бағыттарды қамтып отыр. Ал әлемдік деңгейде керісінше, пәндерді кіріктіріп оқыту, вариативті, оқушылардың мүмкіндігін дамытатын негізгі пәндерді оқыту бірінші кезекте қарастырылмапты. Қазір химия, биология, география сынды пәндер 578 сағат оқытылады. Ал Жапония, Оңтүстік Корея сынды дамыған елдерде бірнеше пән біріктіріліп, 324 сағат берілген. Алайда халықаралық PISA зерттеуі ол елдердегі оқушылардың білім деңгейі жоғары екенін көрсетті. Бұл – үлкен жұмыстың басы. Алдағы екі жылда оқытылатын пәндер тізімі сарапшылардың қатысуымен анықталады. Яғни 2026 жылы оқу бағдарламасындағы бірнеше пән болмауы мүмкін, – деді Т.Дүйсенова.

PISA – білім сапасын қадағалайтын халықаралық бағдарлама. Аталған бағдарламаның соңғы зерттеуіне сәйкес, 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан – 46-орын, оқудан – 61-орын, жаратылыстану пәнінен 49-орынға тұрақтанды. Рейтингтің үздік үштігінде Сингапур, Жапония және Оңтүстік Корея бар. Олардың орта білім беру сапасы оқу пәндерінің аздығы және нақты ғылымға негізделуімен өзгешеленген. Мысалы, Сингапурде бастауыш сыныптан соң міндетті 10 пән болса, Жапония мен Кореяда 12 пән оқытылады. Ал еліміздегі орта сыныптарда 15 пән болса, 10-11-сыныптарда 16 міндетті пән бар.

ЖАҢА ПӘН ОҚУШЫҒА «ЖҮК» БОЛА МА?

Білім беру жүйесін әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету жұмысын жүзеге асыру ісіне Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетіне қарасты Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жауапты. Аталған академияның орта білім беру мазмұны институтының директоры Сейфолла Смайлов пәндердің саны мен сағаты білім стандартына сай үлгілік оқу жоспарында нақтыланғанын айтады.

– Жалпы орта білім берудің 1-4, 5-9 және 10-11-сыныптарында жалпы білім беру пәндерінің саны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348, 2022 жылғы 16 қыркүйектегі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №399 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрықтарымен бекітіліген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында айқындалған. Мысалы 1-сыныпта – 9, 2-сыныпта – 10, 3-сыныпта – 12, 4-сыныпта – 11, 5-6-сыныптарда 12 пән бар.

> PISA – білім сапасын қадағалайтын халықаралық бағдарлама. Аталған бағдарламаның соңғы зерттеуіне сәйкес, 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан – 46-орын, оқудан – 61-орын, жаратылыстану пәнінен 49-орынға тұрақтанды. Рейтингтің үздік үштігінде Сингапур, Жапония және Оңтүстік Корея бар

Оқу пәндері бойынша апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында көрсетілген. Мәселен, 1-сыныпта «Әліппе» аптасына 6 сағат, оқу жылында 198 сағат, «Математика» аптасына 4 сағат, жылына 165 сағат, «Жаратылыстану» аптасына 1 сағат, оқу жылына 33 сағат, «Дүниетану» аптасына 1 сағат, оқу жылына 33 сағат оқытылады. Яғни оқу пәндерін, сағат көлемін үлгілік оқу жоспарынан көруге болады» деді институт директоры.

Білім саласының сыншылары, сарапшылары мен баласының оқуына бейжай қарамайтын ата-аналар мектептегі пәндер заманға сай жаңартылып отыруы тиіс екенін арагідік айтып жүр. Осыған қатысты Сейфолла Смайлов мектепте талаптан тыс жаңа пән енгізу оқу жүктемесін көбейтетінін атап өтті.

«2024-2025 оқу жылында тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілді. «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады.

Мектептің бағдарламасына жаңа оқу пәндерін енгізу бойынша ұсыныстар академияға жиі келіп түседі. Мысалы, «әл-Фарабитану», «абайтану», «қаржылық сауаттылық», «жол жүру ережелері», «өмір қауіпсіздігі негіздері», «құқықтық сауаттылық» және тағы сол секілді бірқатар ұсыныс-пікір айтылады. Бірақ аталған және басқа жаңа пәндер енгізілген жоқ. Қазіргі таңда мектепте артық пәндер оқытылмайды. Ал жаңа оқу пәндерін енгізу білім алушылардың талаптан тыс оқу жүктемесін көбейтеді. Бастысы балалардың денсаулығына зиян келтірмеуді үнемі ескеру керек. Десек те жаңа пәндер білім сапасына оң әсер етеді. Біріншіден, бұл білім алушылардың түрлі дағдысы мен құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлау, талдау, проблемаларды шешу және т. б. дағдыларды жетілдіреді. Сонымен қатар жаңа және қызықты пәндер білім алушыларды оқуға ынталандырады. Заман талабына сай бағдарлама білім алушылардың қазіргі өмірге бейімделуіне ықпал етеді. Әсіресе бүгінде ең қажет цифрлық дағдылар және медиасауаттылық оқушылардың дамуына игі әсерін береді» деді С.Смайлов.

ТАҚЫРЫПТЫҚ АЛШАҚТЫҚ БАР

Жақында Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінде оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту жөнінде тақырыптық отырыс өтіп, осыған қатысты бірқатар мәселе көтерілді. Отырыста Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова білім сапасының күрт төмендеуіне құндылықтардың білім саласында біртұтас ұйыспауынан болып отырғанын айтқан еді.

«10-11-сыныпта оқушыларға 16 пән оқытылады. Оның ішінде 5 пәнді оқушы мектепте емтихан ретінде, ал енді 6 пән бойынша ҰБТ сынағынан өтеді. Дегенмен мектептегі емтихан ҰБТ-ға әсер етпейді. Осы тұста бала білім алу процесінде қиналады. Сондықтан 10-11-сыныптағы пәндерді ықшамдап, оқу бағдарламасы мамандық таңдауға бағдарланса, баланың өзіне де жақсы болар еді. Міндетті 16 пәннің сағатын жоғары сыныптарда азайтып, қайта оны 8-9-сыныптарда толығырақ берсек, жоғары сыныпқа аттанғалы отырған оқушы толық циклді оқуды аяқтап, дайын болады деп санаймын. Математика, физика, химия, биология пәндері – технология, инженерия және STEM бағытындағы пәндер. Қазіргі таңда әлем климаттың өзгеруіне және энергетика саласындағы бірқатар жаңалыққа орай аталған пәндерге көптеп көңіл бөлуде. Дегенмен жалпы білім беретін мектеп және зияткерлік, «Білім-инновация» лицейлері арасында математика, физика және информатика пәндерін оқытуда тақырыптық алшақтық мәселесі бар. Мысалы, жоғары сыныпта 7 сағаттық математика болса, 25 сағат қосымша өткізіледі. 10 сағаттық математика үшін қосымша 42 сағат оқытылады. Физика пәні бойынша 9-сыныпқа дейін зияткерлік мектептер мен «Білім-инновация» лицейлерінде 8 жаңа тақырыптар, информатика пәні бойынша 9-сыныпқа дейін 125 сағат практикалық сабақтар өтеді. Жалпы білім беретін мектептерде бұл тақырыптар оқытылмайды. Бұл әлемдік деңгейде оқушыларымыздың бәсекеге қабілетті болуында әрі жаһандық технологиялар дендеп еніп жатқан уақытта оған төтеп бере алуында қиындық тудыратыны анық. Сапалы білім беруде баланы тақырыптық алшақтықпен шектемеуіміз қажет» деді Ж.Сүлейменова.

> 10-11-сыныпта оқушыларға 16 пән оқытылады. Оның ішінде 5 пәнді оқушы мектепте емтихан ретінде, ал енді 6 пән бойынша ҰБТ сынағынан өтеді. Дегенмен мектептегі емтихан ҰБТ-ға әсер етпейді. Осы тұста бала білім алу процесінде қиналады. Сондықтан 10-11-сыныптағы пәндерді ықшамдап, оқу бағдарламасы мамандық таңдауға бағдарланса, баланың өзіне де жақсы болар еді

АУЫР МАЗМҰН, КҮРДЕЛІ БАҒДАРЛАМА

Білім сапасы жүйелілік пен бірізділікті қажет ететіні сөзсіз. Баланың тақырыпты меңгеріп қана қоймай, алған білімін өмірде қажетіне жаратып, ел игілігіне жұмсауы – бүгінгі педагогтың да, ата-ананың да қалауы. Десек те сапалы оқыту ісінде кейбір мәселелер әлі де жолға қойылмай отыр. Бұл туралы Астана қаласы Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-гимназияның математика пәні мұғалімі Күшай Тердікбай айтып өтті. Педагогтың сөзінше, бүгінде оқушылардың математикаға қызығушылығы әртүрлі, ал оның бір себебі қазіргі бағдарлама барлық оқушының деңгейіне сәйкес емес.

– Әлем деңгейінде математика пәнін оқушыларға барынша қызықтырып, жеңілдету тұрғысынан бірқатар өзгеріс жасалып, айтулы жетістіктер де көрініп жатыр. Алайда бұл қадам Қазақстанда жолға қойылмай отырғаны мені қынжылтады. Сондықтан да кейбір оқушы пәнді мүлдем түсінбей жатады. Салдарынан арасында қапаланып, жылап та алатындар кездеседі. Шын мәнінде, елдегі бағдарламаны барлық оқушы бірдей игере алмайды. Күрделі. Шетелде математика пәні сағаты бізден әлдеқайда аз. Пән сағаты азырақ дегеніміз, материал мазмұны деңгейінің азайтылғаны. Яғни ғылыми күрделі деңгейдегі тақырыптарды алып тастап, баланың болашағына қажетті болатын, ойын дамытатын негізгі тақырыптар беріледі. Біздің елдегі көп сағат ауыр мазмұнға байланысты беріліп отыр. Жалпы өзге мемлекеттерде де бір ғана математика пәні оқытылады. Ал оны бөлшектей беру оның теориясын молайта береді. Алгебрада алгебра теориясы, геометрияда геометрия теориясы айтылады. Ал жалғыз математика – балаға керек нәрсесін беруге арналатын пән. Осыны жолға қоя алмай отырғанымыз бар. Бұл олқылық мамандардың тапшы болуына да әсер етеді. Берілген мазмұнды толық түсінбеген оқушы математика мамандығын таңдағанның өзінде оны игеріп шығу мүмкіндігі шектеулі болады деп ойлаймын, – деді мұғалім.

P.S: ***Мектепте алған білім – баланың болашағын айқындайтын негізгі тетік. Ертеңгі мамандығын таңдауға да әсер ететіні – оқыған пәндері. Елімізде енгізілетін ендігі білім беру стандартында пәндер әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті буын қалыптастыруға бағытталуы қажет екенін уақыт көрсетті. Демек, оқу бағдарламасының басты мақсаты – теориялық білім берумен шектелмей, оны өмірде қолдануға ұйытқы болу.***

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі

Сыр өңіріне аттары мәлім Торғай датқа мен би-болыс Шоқай отбасында ұлттық тәрбиені көріп өсіп, жастайынан есінде сақтау қабілетімен ерекшеленген, ағасы Әліш салдырған бастауыш діни төрт жылдық мектепті екі жылда және үш жылдық Перовск училищесін озат аяқтап, Ташкенттің сегіз жылдық ерлер гимназиясын алтын медальмен бітірген, жастайынан қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан, араларында үзілістері бар 6-7 жыл Ресейдің орталығында болып, Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетінде терең білім алып, Батыстың мәдениетінен сусындаған, Орталықтағы саяси өмір мектебінен өткен, содан Түркістан өлкелік мұсылмандар кеңесінің төрағасы ретінде Орта Азиядағы тұңғыш жаңа тұрпатты мемлекет – Түркістан Мұқтариятын басқарған Мұстафа Шоқай кеңес өкіметінің бұл құрылымды жойып, Қоқандағы қанды қырғынынан соң шет елге кетуге мәжбүр болды.



ТҰТАС ТҮРКІСТАН КҮРЕСКЕРІ

Алдымен Әзербайжанға, содан Грузия Тәуелсіз Демократиялық Республикасына жетіп, Тифлисте екі жылдай аялдады. Алайда қаланы 1921 жылы Серго Оржоникидзе әскерлері басып алған соң Батуми арқылы Түркияға аттанды. Мұнда да көп бола алмай, әділеттілік пен демократия орталығы болған Францияда тұрақтады. Өмірінің соңғы жиырма жылдан астамын осында өткізді.

Мұстафа Шоқай бар қабілет-күшімен, қаламның ұшымен Грузияда бастаған Түркістанның азаттығы үшін күресін Парижде жалғастырды. Ең бірінші күрестің мақсатын қайта қарап, басқаша шешімге келді. Кезінде Ресейде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Қоқанда құрылмақ, кейін Түркістан Мұқтарияты аталған мемлекеттің формасы қандай болуы керек деген мәселе туғанда қызғыштай қорғаған автономия туралы идеяны ұлттық тәуелсіздік бағдарламасымен ауыстырды. Бұл туралы 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында жарияланған тұңғыш француз тіліндегі «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» атты мақаласында жазды.

Шетелде сан түрлі қайрат-кермен қарым-қатынасқа түсіп, кейде әділеттілік үшін айтысқа да барған, көзбен көргені де, ойға түйгені де мол, түркі тектес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болған энциклопедиялық білімдар тұлға өзінің тоғыз тілде жазылған, 900-ден астам шығармашылық мұрасының басты тақырыбы «Ұлттық тәуелсіздік» идеясы болған еді. Біз қазірге дейін тек шағатай тілінен аударылып үлгерген екі жүзден астам мақалаларынан жиналған осы қасиетті ұғымға қатысты артына мұра еткен сан салалы саяси-әлеуметтік, тарихи-құқықтық ой-тұжырымдарды назарға ұсынып отырмыз. Бұлар патшалық Ресей мен кеңес өкіметінің саясаттары, азаттық үшін күреске өте қажет «ұлттық рух» және «ұлтшылдық» сияқты адами қасиеттер, тәуелсіз ұлттық мемлекет, оның мәні мен мазмұны, оған жетудің жолдары мен амалдары, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап-тілектер, т. б. мәселелер туралы айтылған.

Түркістанның тәуелсіздігіне қатысты бұл идеялар кешегі кеңестік замандағы азаттықтың асқақ арманы, жалынды туы болған «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаладан бастау алады. Онда мынандай жалынды сөздер жазылды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды». Бұл ойлар әрі қарай дами түсіп, күрестің түпкі мақсаты: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық» деседі. ...Ал біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп айқындады.

Осы өмірлік арман болған мұрат Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде былайша керемет бейнеленген болатын: «Біздің құбыламыз өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық».

Мұстафа Шоқай ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің қажеттілігі мен себептерін де бірнеше еңбегінде жан-жақты түсіндірді. «Шовинизм туралы» атты мақаласында патшалық Ресей мен большевиктің Ресейдің ұлттық саясаттары былайша сыпатталды: «Патшалық Ресей бізді тұншықтырды, атамекенімізді қанға бояды. Большевиктік Ресей де бізді тұншықтырып, атамекенімізді, отбасымызды қанға бояды». Ал келесі «Сейдолла Қасымның соты» деген мақалада: «Кеңес өкіметінің «ұлттық саясаты» – басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз «сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған» мәнсіз, мағынасыз бірдеңелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз» деп жазды. Бұл ойлар «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық», «Қиыр Шығыста», т. б. еңбектерінде дами түсті.

«Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында Мұстафа Шоқай бұрынғы ойларына басқа қырынан келіп, «Яш Түркістан» журналының оқушыларына Мәскеудің Түркістандағы ұлттық саясатының қандай екенін былайша түсіндіреді: «Ол – атамекеніміз халқының ұлттық сана-сезімін тұншықтырып, оның қандай да бір көріністеріне жол бермеу, түрікшілдіктің белгілерін түбірімен құрту». Сол себепті кеңес өкіметінің тепкісіндегі халықтардың арасында толассыз бас көтеріп келе жатқан бір халық болса, оның түркістандықтар екеніне шүбә болмауы керектігі «Көтерілістен – ұйымшылдыққа (Көтерілістен – ұйымға)» деген мақаласында былай деп жазылды: «Түркістан орыс большевиктерінің жекелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, ны үшін сынады. «Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ. Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді» деп жазған Мұстафа Шоқай халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күрескен болатын.

Мұстафа Шоқай шығармаларының кез келгенін алыңыз, онда ұлттық тәуелсіздік идеясы самал желдей жанға жайлы есіп тұрады. Жоғарыда аталған «Біздің жол» атты мақаласынан бастап «ұлттық тәуелсіздік» идеясы, осыған қатысты мәселелер бірнеше еңбегінде жаңа мазмұн, жаңа толықтырумен беріліп отырды. 1930 жылы жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты мақаласында 1917 жылғы 10 желтоқсан күнгі Қоқан қаласында IV Түркістан Төтенше құрылтайы Түркістан автономиясын жариялаған кезден уақыттың өзгергенін, халықтың ұлттық мүддесі тек өз билігі өз қолында болғанда ғана шешілетінін ескертіп, «ұлт тәуелсіздігі» ұғымына қатысты келесідей салиқалы ойлар қалдырды. «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды» деумен шектелмей, автор: «Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы» деп түйіндеді.

Тәуелсіздік үшін күрестің тактикалық жолдары мен амал-тәсілдері туралы ойларының ішінде Мұстафа Шоқай түркістандықтардың ауызбірлігіне, белгілі бір ұйымның маңайына топтасуға айрықша мән беріп, мұны ұлттық тәуелсіздікке жетудің бірден-бір жолы деп санады. Бұл төркінді мәселе болатын. Түркістандықтардың ауызбірлігінің әлі жетімсіз екенін кеше ғана өз көзімен көріп, басынан кешіргенін 1936 жылы Түркістан жастарының алдына радиодан сөйлеген сөзінде былайша еске алған еді: «Кімнен таяқ жегендей, біздің түріктің баласы. Алдырып жүрген дұшпанға, аузының аласы».

Бұл идеялар «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген еңбекте былайша жазылды: «Бәрінен бұрын өз қатарымызды, түркістандық бірлігімізді күшейтейік. Түркістанның жұдырықтай жұмылған ұлттық бірлігін Ресейден айырылу үшін күресіп келе жатқан басқа халықтардың ұлттық майдандарымен тығыз үйлестіре отырып, орыс империализміне қарсы қуатты күш ұйымдастырып, бірге қимылдайық». Осы мақаладағы келесідей аса мәнді тактикалық мәселеге көңіл аудара кетейік: «Орыс империализміне қарсы күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-текшемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады...». Бұл ойлар әрі қарай былайша дамиды: «Бізді азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт-азаттық жолында күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес».

Мұстафа Шоқай ұлттық тәуелсіздікті тікелей халықтың ұлттық рухымен байланыста қарады. «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деді. Және ұлттық рухтың ұлттық бірлік үшін күрестің шынайы көрінісі – ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын терең таныған қайсар тұлға халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығын ұлтшылдық қозғалысының нәтижесі деп санады. Ал 1931 жылы жазған «Ақ-Қызыл» атты мақаласында патшалық Ресей үстемдігі кезінде Түркістанда жазылған «Ұлттық зиялы» деген еңбегінде Мұстафа Шоқай 1923 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген туысқан Түркия елін еске түсіріп: «Біз бүгін «Шығыс рухы» басым болуы себепті мешеу қалған» деп саналатын Түркияда Батыс білімі жергілікті жағдайларға сәйкес сәтті қолданылып жатқанын көріп отырмыз. «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын-соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (mentalitet) сәтімен үйлестіре алуында жатыр» деп жазған еді. Осы сәтте Мұстафа Шоқайдың әлемге танылған тұлға болуының себебіне қатысты бір ойды білдіре кетсек, артық көрмеңіздер. Ол – жүрегі елім, жерім және халқым деп соғып, Шығыс пен Батыстың білім-ілімін қос қанат еткен Мұстафа Шоқай шындығы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тіліміздің қазіргі қолдану жағдайына байланысты аса маңызды пікір айтты. Ол ана тіліміз ұлтаралық тіл деңгейіне көтеру мәселесі болатын. Мұны мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға барар жолымыздың басы деп түсінген артық емес. Қазір мемлекеттік қызметкерлер үшін мемлекетік тілді міндеттілік дәрежесіне көтеру де мәнді мәселе. Бұл бағыт алда жүйелілікпен, батыл қадамдармен жалғасып жатса, ұтымды болар еді.

Мұстафа Шоқай «ұлтшылдық» ұғымы туралы кеңестік жүйенің басты идеологиясы большевизм мен Алаш қозғалысының танымдары бір-біріне ешқашан жанаспайтын екі басқа дүние екенін ашып айтып, «Большевизм ұлтшылдықты теріске шығаратыны тәрізді, ұлтшылдық та большевизмді теріске шығарады» деді. Сол сияқты большевиктердің бұл ұғымға қатысты екіжүзді саясаты жөнінде мына пікірлер де қызғылықты: «Большевиктер өздері негізінен теріске шығаратын ұлтшылдықты кейде мақсатқа жету жолындағы құрал ретінде пайдаланудан бас тартпайды. Мәселен, большевиктер еуропалықтарға қарсы қою үшін «қытай ұлтшылдығын» таниды және қолдайды. Ағылшындарға қарсы үнді ұлтшылдығын да оңды құбылыс деп санайды. Сонымен бірге оларды мойындай, қолдай отырып, ұлттың ішкі бірлігіне іріткі салуды, ондағы күштерді өздерінің «пролетарлық төңкеріс» идеяларына қарай икемдеуді де ұмытпайды».

Мұстафа Шоқай Түркістандағы тәуелсіздік үшін күрестің түпкі мұраты – ұлттық мемлекет туралы да көптеген ой қалдырды. «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты мақаласындағы: «Түркістан түріктері ұлт ретінде құл болғысы келмейді. Олар өз халықтарының мүддесі үшін, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру үшін күресетін болады» деген ойын «1937» деген мақаласында былайша жалғастырды: «Біз халқымыздың құқығы үшін, ұлттық мемлекетті құру сәтін жақындату үшін күресеміз. Біз ұлттық мемлекетімізге қол жеткенін көріп қана қоймай, оны құру істеріне де қатынасқымыз келеді. Біздің үміттеріміз бен армандарымыздың орындалуына ешқандай шүбә келтірмейміз, сонымен қатар сол бір бақытты күндер біз ойлағандай тез жақындамауына байланысты туған уайымымызды да жасырмаймыз. Сол үшін де біз барлық күш-қуатымыз бен ақыл-парасатымызды атамекеніміздің азат болатын күнін жақындатуға бұдан былай да жұмсай беретін боламыз» деді. Бұл сөздердің арғы жағында қаншама ой, қаншама сезім күйі жатыр десеңші!

1931 жылы жазылған «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты еңбегінде Мұстафа Шоқай орыс большевиктері Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқатынын, сондықтан олар қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысатынын ескерте отырып: «Біздің мұратымыз – бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді» деп жазды. Бұл ойды жалғастыра түсіп: «Келешектегі тәуелсіз Түркістан үкіметінің ең басты міндеті – байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында бір ұлы ұлттық мемлекет түзу» деді. Швейцария мемлекетінің үлгісіндегі федерацияны да жоққа шығарған жоқ.

Саналы ғұмырын, қажыр-қайратын, асыл мұратын бүкіл түркі әлемінің тәуелсіздігіне арнаған Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын эмиграцияда өткізгенде де, бір сәт Түркістанын жадынан шығарған емес, қайта бұл сезімі күшейе түскен болатын. Сол себепті де: «Егер мен өзімді мұғажырмын деп санасам, атамекенім мен халқымнан біржола үзіліп қалуға тиіс емеспін. Ылғи да Отаныма қайту ойында жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, атамекенімізді құтқару үшін күресемін» деп жазды. Алайда тағдыр басқа жолмен кетті. Тіпті Германия соғысты бастап, Ресей эмигранттарының бірсыпырасы Америкаға, түркі тектес мұсылмандар Түркияға кетіп жатқанда «Маған паналауға орын берген мемлекетті тастап кету – өз Отанымды тастап кеткенмен бірдей» деп өзі екінші отаны санаған Франция да бұйырмады. Берлинді мәңгілік мекен етті.

Қайсар қайраткер, заңгерғалым, тамаша тарихшы, халықаралық деңгейдегі саяси сарапшы, керемет ойшыл Мұстафа Шоқай әлемге өзінің қай жағынан болмасын кемеліне келгенін кез келген халықтың басты арманы, қасиетті мұраты болатын ұлттық тәуелсіздік, ұлттық мемлекет туралы саяси-әлеуметтік ой-тұжырымымен танылды. Бұл идеяларды білу жеткіліксіз, оларды зерделеу, ойға түю, бойға қуат ету мәнді де маңызды демекпіз.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылым докторы,
профессор, «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі

Қ. ЖҰБАНОВ – 125

Тіл білімі жайы сөз бола қалғанда, Алаш жұртына танымал қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Елдес Омаров сынды көрнекті қайраткерлеріміздің есімі құрметпен айтылатыны белгілі. Бүгін біз білім дарыған, ілім қонған тұлға туралы сөз еткенді жөн көрдік.

АРДАҚТЫ ҒАЛЫМ

Білім дегеннен шығады, ғұлама ғалым әл-Фараби бабамыздың: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым... Білім жолына түскен жан деген – адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмаса керек» деген сөзі қазақ тіл ғылымының негізін салған, тіл білімі теориясын тереңдетіп, қазақ тілі орфографиясы, әліпбиі мәселелері туралы еңбектер жазған және терминология қағидаттарын қалыптастырған көрнекті тілші-ғалым Құдайберген Жұбановқа арналып айтылғандай әсер етеді.

«Қазақ тіл білімі кадр жағынан да, жазылған еңбектерінің саны мен сапасы жағынан да, түркологияға қосқан іргелі үлес жағынан да сүбелі табыстарға жетсе, ол үшін оның іргетасын қаласқан, тақыр жерге күмбез орнатқан сөз бұйдагерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов тәрізді ірі ғалымдарға қарыздар» деген Ұлттық ғылым академиясының академигі Шора Сарыбаевтың пікіріне толық қосылуға болады.

Білімді сөз еткен соң, ғылымды аттап өтіп, айтпай кетпесіміз анық. Ол үшін тағы да әл-Фараби бабамыздың: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан-иманы кәміл, пейілі тура болу керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғамай, ғылымнан аулақ жүруі керек» деген дана сөзін алға тартқанымыз абзал.

Көрнекті ғалым Құдайберген Жұбановтың ғылыми-танымдық еңбектерін саралағанда, қазақ тіл білімінің негізін салып, осы ғылымды одан әрі дамытқан рөліне қарап, әл-Фараби бабамыздың ғылыми адамға берген сипаттамасына дөп келетінін, яғни нағыз ғалым екенін аңғару қиын емес. Әлем таныған Мұхтар Әуезовтің «Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді» деген сөзінен көптің көңіліндегісін дөп басқанын байқаймыз. Осыған академик Әбдуали Қайдаровтың: «Профессор Құдайберген Жұбанов – өзінің қысқа ғұмырында бір өзі бір академиялық институттың атқаратын жүгін көтерген майталман ғалым» деген пікірін қоссаңыз, тілші-ғалымның ғылыми-танымдық көкжиегін бағамдай беруге болады.

Жалпы өткен ғасырдың 20-жылдары ұлтқа қызмет еткен қайраткерлердің, түркітану ғылымының ірі өкілдері мен қазақ тілінің өркендеуіне өлшеусіз қызмет қылған тіл білімі тарландарына ортақ нәрсе ретінде жоқшылықтың, қиыншылықтың, таршылықтың тар жолынан – еңбекқорлығын, алға қойған мақсатқа жету жолында еш қиындықтан қаймықпай, діттегенін іске асыруын айтар едік.

ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің өмірбаянына үңілсеңіз, олардың полиглот болғанын байқайсыз. Көп тілді меңгерген полиглот-қайраткерлер қатарында Нәзір Төреқұловтың қазақ, өзбек, тәжік, татар, башқұрт, қырғыз, әзербайжан, ағылшын, араб тілдерін, Мұстафа Шоқайдың орыс, неміс, ағылшын, француз, түрік, өзбек тілдерін, ал Құдайберген Жұбановтың араб, парсы, орыс, түрік, моңғол, француз, ағылшын, неміс тілдерін игергенін аңғарамыз.

Бала жасынан зор қабілетімен ерекшеленген полиглот-ғалым бірнеше тілді игеру арқылы білімін өз бетінше жетілдіруді мақсат еткенін айтқанымыз абзал. Сондай-ақ алғашқы орыс училищесінен бастау алған орта білімі мен Шығыс тілдері институтындағы білімі орыс тілін жетік білуіне жол ашқанын да жалпы жұртшылыққа жеткізгенді жөн көрдік. Қазақ-орыс тілдерінде сауатты сөйлеумен бірге, бірнеше шетел тілін меңгергеніне үңілген Ұлттық ғылым академиясының академигі Ісмет Кеңесбаевтың: «Құдайберген Жұбановтың алғашқы шәкірттік кезеңде алған білімі кейіннен оның жақсы тіл маманы болуына негіз болды. Бұл жылдарда ол құрылысы басқа араб, парсы және орыс тілдерін тәжірибе жүзінде игеріп алды. Ол он сегіз жасқа толмай жатып түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлей де, жаза да білген» деген еді.

> Қарап отырсақ, полиглот-ғалымның тағылымдық өнегесін Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарына үлгі ретінде көрсеткеніміз артық болмасы анық. Ұлт зиялылары шетел тілдерін меңгергенде, бұл өркениетке жетудің төте жолы екенін білді. Сол үшін көп тілді меңгеруді мұрат етті

Қарап отырсақ, полиглот-ғалымның тағылымдық өнегесін Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарына үлгі ретінде көрсеткеніміз артық болмасы анық. Ұлт зиялылары шетел тілдерін меңгергенде, бұл өркениетке жетудің төте жолы екенін білді. Сол үшін көп тілді меңгеруді мұрат етті. Бұл білім мен ғылым ғасыры атанған ХХІ ғасырда да өзекті мәселеге айналып отырғанын айтқанымыз абзал.

Жүргізілген әлеуметтік сауалдардың қорытындысына иек артсақ, Құдайберген Жұбановты жалпы жұртшылық ғалым ретінде ғана танитын болса, зиялы қауым өкілдері оның қазақ тілін зерделеген көрнекті ғалым екенін нақтылайтынына көз жеткіздік. Ал көрнекті тілші-ғалымның Қазан төңкерісі жеңісінен кейінгі жаңа кезеңдегі қоғам өміріне белсенді атсалысып, елде жаңа құрылыс орнатуда қайраткерлік танытқанын жұрт тарқатып айта алмайтынын аңғардық.

Қуатты интеллект, асқан білімпаз, тілші-ғалым болумен бірге Құдайберген Жұбанов халық ағарту ісінің басы-қасында болып, халықты сауаттандырудағы қайраткерлігі көп айтылмай, тасада қалып қойғандай көрінеді. Алайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты баспаға ұсынған «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен жарық көрген «Құдайберген Жұбанов» кітабынан жиырма жастан аспаған Құдайберген Қуанұлы Темір қаласында орналасқан уездік Совдеп аппаратына қызметке алынып, ағарту бөлімінде инспектор болып істеген кезде, әрбір мектепті жеке өзі аралап, мұғалімдерге оқыту сапасын жақсартып, сауаттандыру бағдарламаларын жетілдіруге еңбек сіңіргені айтылады. Сондай-ақ Ақтөбе қаласының губерниялық халық ағарту органында және педагогикалық техникумда сабақ бергені айтылып қана өтіледі. Біздің ойымызша, оның ағартушылық ісіндегі қайраткерлік қыры мен сабақ беру тәжірибесі ұстанған әдістемесін аша түсетін, сонымен бірге еліміздегі тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орнын ұйымдастыруға қосқан үлесін зерделейтін терең зерттеулер жүргізілгені жөн сияқты.

Профессор Қ.Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын тұңғыш зерттеген жұбановтанушы, академик Рәбиға Сыздықтың: «... өзінің табиғат берген бітімімен, Алла Тағала сыйлаған ақыл-парасатымен, үлкен талантымен, ата-анасы мен тәрбиесінен келген қабілетімен, алған білім-танымымен елден ерек тұрған біртуар (феномен) тұлға» деп таныған көрнекті ғалымның қайраткерлік тағылымы жас буынға жаңа қырынан көрініс тапқанын қалаймыз.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ғылым үшін баға жетпес классикалық зерттеулерін мирас етіп қалдырған ғалымның қайраткерлік тағылымын жас ұрпақтың кәдесіне жаратуды жақсылап ойлануымыз керек. Өйткені қайсыбір қоғамда болсын оның даму жолына аянбай атсалысып, тура жолға бағыттап, көштің басын түзейтін тұғырлы тұлғалар болады әрі оларды мемлекет және қоғам қайраткері деп елі елеп, халқы қадірлеп жатады.

«Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының деканы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының, Ұлттық мәдениет институты ғалымдар кеңесінің мүшесі, КСРО Ғылым академиясы Қазақстан филиалы үлкен ғылыми кеңесі мен президиумының мүшесі, әдістеме, бағдарламалар мен оқулықтар секторының меңгерушісі, Халық комитеті оқыту-әдістемелік кеңесі КазФАН-ның тіл және әдебиет секторының жетекшісі, республиканың мемлекеттік терминологиялық комиссиясының төрағасы, Бүкілодақтық жаңа әліпби орталық комитетінің мүшесі, Кеңестің бүкілодақтық XVI съезінің делегаты, КазЦИК мүшесі» болған деген қызметтік құрғақ ақпараттың астында жасырынған Құдайберген Жұбановтың елдегі білім-ғылым, мәдени-әлеуметтік саладағы мемлекеттік маңызы мол мәселерді шешу жолындағы қайраткерлік қырын індете зерттеу ертеңгі күннің еншісінде екенін екпін түсіре айтқымыз келеді.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы ректорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

ӨЗБЕКӘЛІ АҒАНЫҢ ШАПАҒАТЫ

Астанадағы С.Сейфуллин музейінің 30 жылдан астам тарихы бар. Алғаш мамандар іріктеп, жан-жаққа жинақтау жұмысын жүйелі ұйымдастырудың арқасында музей қорында біраз заттай-құжаттай жәдігер жинақталып, сақтаулы. Бұл игі істе елеулі еңбегі сіңген – алғашқы директоры Роза Иманғалиқызы. Көп заттары, құжаттары, қолжазбаларына конфискация жасалғандықтан, қор жинау оңайға соқпады. Мұрағаттарда жұмыс жасалды, С.Сейфуллин туыстары, жұбайы көмек берді. Жәдігер жинауда тағы бір тарихи тұлғаның еңбегін атап кеткен жөн. Ол – Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзбекәлі Жәнібеков ҚР Мәдениет министрі болып тағайындалғаннан кейін С.Сейфуллин музейіне келіп аралайды. Сол кезде музей директоры Роза Иманғалиқызы музеймен таныстырып, жәдігер жинау жұмысы жүріп жатқанын айтып, жәдігерлердің тапшылығын алға тартып, кезінде Гүлбахрам Сейфуллина Алматыдағы орталық музейге бірнеше зат тапсырған екен, соларды алуға көмек сұрайды. Өзбекәлі Жәнібеков мұқият тыңдап, кейін сол жәдігерді алуға көмектескен.

Экспонаттар Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұражайынан КСРО Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің 13.09.1989 жылы №214 бұйрығымен С.Сейфуллин музейінің қорына тапсырылды. Әр жәдігердің тарихы бар.



«Маржан алқа» – С.Сейфуллин мұражайының құнды жәдігерінің бірі. Алқа Гүлбахрам заманына тиесілі. «Маржан алқа» мұражайға 1988 жылдың қаңтар айында Республикалық музыкалық аспаптар музейінен акт арқылы қабылданып алынған. 166 маржан тастардан тұратын ұзындығы 166 см., алты қатар болып тізілген алқа – мұражайдың баға жетпес құнды жәдігері. Көнекөз қариялардың естелігі бойынша «Маржан алқа» Гүлбахрам Батырбекқызына тиесілі деп айтылады.



С.Сейфуллиннің саквояжы. 1930 жылдар. Саквояж – жол жүргенде ұстап жүретін шағын чемодан. Саквояжды бүгінге дейін сақтап келген – Софья Батырбекова. Гүлбахрам Сейфуллина болашақта ақынның мұражайы ашылатынына шексіз сенгендіктен, өзінің немере сіңлісі Софьяға табыстап, мұражай қорына өткізуді өтінген. Бұл саквояжды С.Сейфуллин 1930 жылдары Мәскеу қаласынан сатып алған.



С.Сейфуллинге тиесілі темір кереует. Екі никельден және карапас торынан тұрады. Сәкен Сейфуллин 1926 жылы Гүлбахрам Батырбекқызына үйленгеннен кейін Ташкент қаласында сатып алған.



С.Сейфуллиннің 70 жылдығына арналған мерейтойлық төсбелгі. 1964 жылғы. Пішіні бір-біріне жабыстырылған екі төртбұрыш, бірі ақ, екіншісі қара. С.Сейфуллиннің қара түсті бедерлі бейнесі, кескін бойынша 1894-1964 жж. «Сәкен Сейфуллин» деген жазу бекітілген. Ол штамптау арқылы металдар қорытпасынан жасалған. Сериялық өндіріс белгішесі. Алматы қаласында, Горместпромның пластмасса және тас кесетін бұйымдары зауытында шығарылды.

Музей ашылғанда экспозициясын құрып, мамандар тауып, қор жинауда алғашқы директоры Роза Иманғалиқызының еңбегі зор.

Гүлназия БОЛАТ,
С.Сейфуллин музейінің қызметкері, докторант

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛГОРИТМІ



(Соңы. Басы газетіміздің №131 (4719) санында)

ХАЛЫҚ ҚАҚПАНЫ

Бірақ тоқтап қалмадым. Әлеуметтік желіден тапқан дертіме әлеуметтік желіден ем іздедім. Ол да тез ұшыраса кетті. «Вы из Казахстана и Вас обманули брокеры? Мы поможем вернуть ваши деньги! Законная помощь и юридическое сопровождение в возврате средств из мошеннических инвестиционных организации! Оставляйте заявку и мы поможем вернуть все ваши деньги!» деген құлақтандыру айғайлап тұр. Заңгерлік жәрдем «Халық қалқаны» деп көрсетілген телефонға қоңырау шалып едім, үзіліп кете берді. Әлде жүлге бос емес деп ойладым. Оған өтініш қалдырып, әлеуметтік желіні қуалай төмен түссем, ақшасын қайтарып алып, есі шыға заңгерлерге алғысын айтып жатқан кемпірдің бейнеролигі жүр.

Уақыт түс мезгілінен ауды, телефоным шиық ете қалды. Сөйтсем, «Здравствуйте, меня зовут Дарья, юрист компании Легал Право. Вы оставили заявку на консультацию юриста, по вопросу возврата финансов. Чем могу помочь вам?» деген хабарлама келіпті. Сол заматында қоңырау шалып, болған жайды баяндадым. «Бүкіл координатын жіберейін, тым құрмаса заң орындарына табыстап, жолын кесіңіздер». «Жақсы, жіберіңіз» деп салқын сөйлесті. Бәрін салып жібердім. Шамалыдан соң қайта телефон соқсам, қоңырау бармайды. Ішім қылп ете қалды, бұлардың бәрі бір – «халық қалқаны» емес, «халық қақпаны» екенін ұқтым.

КИБЕРПОЛИЦИЯ МЕН КИБЕРАЛАЯҚ

Енді қалалық ішкі істер бөліміне хабарласып, қандай амалы барын сұрадым. Олар «Ой, аға, мұндай әрекеттер көбейіп кетті. Киберполицияға хабарласыңыз, солар көмектеседі сізге» деді. Мәңгілік ел даңғылы, 55/4 деген мекенжайын алып, тура кеңселеріне тарттым. Кеңселері ЭКСПО аумағына орналасыпты. Есіл аудандық кибер бөлімінің бастығы Ерғазы деген азамат екен, Бегжан деген қызметкеріне тапсырма беріп, менің мәселеммен айналысуды жүктеді. Бегжанмен сөйлесіп, бүкіл мәліметті ұсындым.

Сондағы ұққаным: бұл байланысып жүрген менеджер, аналитик дегендер басқа мемлекетте отыр екен. Қолдарында Қазақстанның сим-карталары бар. Солар арқылы сөйлесіп, елдің ішіндегі азамат сияқты сенімге кіруге ұмтылады. Сондай-ақ бейнероликтердің бәрі жасанды зерде арқылы жасалып, әдейі әлеуметтік желіге орналастырылған. Ақшаны қайтарып береміз деп араағайынға жүрмек мекемелер де – солардың өздері. Халықтың барлық осал тұстарын біліп алып, алдап уысына түсіргені өз алдына, көмек сұрап баратын да жер қалдырмай, тұйық шеңбердің ішіне құрсаулаған. Ең қатерлісі, инвестициялық соманды арттыруды сұрап, несие ресімдетіп, тойтитып кету. Олай болмаған күнде, айдың соңында «шотыңыздан карточкаңызға ақша шығарамыз» деп, карточкаңыздың 16 сандық нөмірін, жеке куәлігіңізді қолға түсіреді екен. Сосын жасанды зерде арқылы дауысынды, түрінді айнытпай келтіріп, банктерден сенің атыңнан өздері несие ресімдеп әкетуі мүмкін. Олардың «несиелік тарихыңды» тәптіштей сұрайтыны сондықтан екен. Бұрын несие алмаған болсаң, алған күнде бәрін уақытында жапсаң, банктің қайта ақша ұсынуы жеңілірек болады. Міне, осындай арандатуға ұшыраған қаншама адам баспанасынан, көлігінен айырылып, далада қалып отыр. Уақытында несиесі қайтарылмаған соң, банктер де жапа шегуі мүмкін. Карточкаңның мәліметі қолына түскеннен кейін, алаяқтар несие ресімдеп үлгермесе де, ақшаңның бәрін сыпырып алып кетеді екен.

Біраз жайға қанықтым. Киберполиция қызметкері Бекзат мен берген телефон нөмірлерді базаға енгізгенде ештеңе шықпады. Оған көмектескен телефон нөмірлері емес, ақша аударылғанын растайтын электронды түбіртек болды. Әуелгі 4815 теңге Алматы облысының Қарабалық поселкесі, Рабочая 99а, 1 деген мекенжайға түскен екен де, екінші 43 мың 461 теңге Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 59/1-ге барыпты.

– Бұл қалай?

– Алаяқтар бәрінің механизмін жасап алған. Бізде банкте есепшоттары бар көптеген ИП-лар қозғалыссыз тұрады. Солардың иелерін тауып алып, «біз саған ақша түсіреміз, 30 пайызын алып, 70-ін аударып отырасың» дейді. Олар қуана келіседі. Сөйтіп, екі жақ та оңай жолмен келген ақшаға қарық болып жатыр. Бұл бір ғана жолы, тіпті, кәсібін дөңгелеткендері де мұндай мәмілеге көне кетеді.

Астанадағы мекенжай бойынша базадан иесі кім екенін тауып ала қойды. Аты-жөні, телефоны, жеке куәлігі, көлік жүргізу куәлігі – бәрі тұр. Бірақ телефоны өшірулі. Бүкіл отбасының мәліметі көз алдында. Студент баласы бар екен, соған хабарласты. Әкесі Астанада болып шықты. Жұмыста, аула сыпырушысы екен. Қайта телефон соғып еді, көтерді. Полиция өзін таныстырып, хабарласып отырған шаруасын айтты. «Кеше сіздің шотыңызға осындай адамнан ақша түсті. Соны қазір телефонына қайта аударып жіберіңіздер. Міне, менің қасымда өзі отыр, бір ауыз сөйлесіңіз». Тұтқаны ұстатты. Мен болған жайды қысқаша түсіндіріп, ақшамды қайта кері салып жіберуін өтіндім. Ол сөзге келген жоқ, «жіберем» деді.

Бегжан екінші адаммен де тілдесті. Асқар Иманбаев деген жігіт екен. Ол әзір жұмыста емес екенін, ертең кассаны көретінін, болса қайыратынын айтты. Бегжан:

– Аға, 43 мыңды алсаңыз жақсы, ал мына бес мыңдайды садақа жасайсыз ғой. Ананың сөз саптасы ұнамады деді. «Мақұл» деп алғысымды айтып, сыртқа шықтым.

«Алаяқтар алдап түсірген миллиардтаған ақша қандай мақсатқа жұмсалады екен?» деп ойладым, өйткені көз алдымда 2023 жылғы 263 миллиард теңге көлеміндегі сома тұрды. Экстремистік бағытқа, соғысқа, наркотикке?.. Жалған жарнаманы Каспий банк білмей ме, білсе, неге қамсыз отыр? Шамасы білетін сыңайлы, олар үшін бұл жалпы бұқаралық және өте әлеуетті тегін жарнама. Содан кейін көз жұмып, қол қусырып қарап отырған болар... Жақсы, мұны тиісті мемлекеттік органдар қалай назардан тыс қалдырып, алдын алмаған, жолын кеспеген? Ұялы байланыс операторлары тіркелмеген нөмірлерді неге өшірмейді, әлде олардан қыруар қаржы түсе ме екен? Түскен күнде де, осыдан 6-7 жыл бұрын жалпыхалықтық шара ретінде ұйымдастырылған міндетті тіркеу ережесі қайда қалады? Солай бола тұра бірыңғай тәртіпті неге көзжұмбайлықпен белден басады? Ұялы байланыс операторларының қызметін қадағалайтын құзыретті орган – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қайда қарап отыр? «Цифрлы Қазақстан» мен «жасанды интеллекті» ел игілігіне қызмет етпей, керісінше, халықты тонауға мұрындық болғаны үшін кім жауапты? Ал мына алаяқтар Қазақстанды жетік біледі, орысша ағып тұр, арасында қазақстандықтар да болуы мүмкін. Тіпті, қазақ тілді қазақтардың жүруі де әбден ықтимал. Мұндай ойға қалуға жетелеген нәрсе – «Халық қалқаны» деп жалған заңгерлік жәрдемнің атын қазақша атауы. Алаяқтық деген ұлтқа бөлінбейтіні аян.

Жауапсыз сауалдар иектеп жүріп алды. Осының бәріне жеке-жеке нұсқау беріп, Президент тиісті құзырлы органдарға бұрыштамасын қойып, тапсырма жүктеуі керек пе? Олар неге өз функционалды міндеттеріне салғырт? Әлде дербес ойлап, өз тұсынан шешім қабылдауға өресі жетпей ме? Егемендіктің элементтеріне елеулі, елеусіз нұқсан келіп жатқанына ішім ауырды.

Бір жарым сағаттың көлемінде ақшам түсті. Екі тәуліктен кейін А.Иманбаевтан «Саламатсыз ба! Выписки все посмотрели, деньги не поступали. И вы предоставляете не платёжку, а счёт, не знаю как Вам помочь, просто перечислить я тоже не могу, извините» деген хабарлама келіпті. Бегжанның айтқаны тура болды.

ӘДІС-АЙЛАСЫ ҚАНДАЙ?

Осы мақаланы жазудағы басты мақсатымыз бір қолын екі, екі тиынын төрт ете алмай отырған қарапайым халыққа «Kaspi Profit» туралы таратылатын ақпараттардың жалған екенін, оның шынтуайтында да Каспий банкке еш қатысы жоқ екенін жеткізгіміз келеді. Қылмыскерлер ақша табудың оңай әрі жылдам әдісін ұсынып, жұртты еліктіре отырып, аңғал елді уысына түсірмекші.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ «ИНВЕСТОР РЕТІНДЕ ҚАРЖЫ САЛЫП, АЙ САЙЫН ОСЫНША АҚША ТАУЫП ОТЫРМЫН» ДЕП, «KASPI PROFIT» ПЛАТФОРМАСЫН (ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚҚА БАСТАЙТЫН) УАҒЫЗДАЙТЫН РОЛИКТЕГІ АДАМДАРДЫ ТАУЫП, ОЛАРҒА ЕЛДІ ҚАСАҚАНА ҰРЫНДЫРҒАНЫ ҮШІН ҚАТАҢ ШАРА ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТ

Алаяқтар Михаил Ломтадзенің бейнесұхбатындағы үзінділерді қолдана отырып, оның жалған бейнесі мен дауысын жасанды интеллекті арқылы өздеріне қолайлы етіп «өңдеп», осы істерінің жануына арқау етіп алған. Жалдаптардың арасында заманауи техника мен технологияны меңгерген небір майталман кәсіпқойлар бар. Әлгілер қарапайым жұрттың онсыз да болар-болмас тиынын аузынан жырып әкетпекші. Олардың жүйелі түрде жүргізетін жарнамаларының алгоритмі мынадай:

а) ел әл-ауқатының жақсаруын көздеп, Каспий банктің жанынан ашылған «Kaspi Profit» платформасын жеріне жеткізе мақтай, халықтың неғұрлым көңілін аудару;

ә) қарапайым азаматтарды тарта отырып, «Kaspi Profit» платформасының арқасында «шынтуайтында» үлкен қаржыға кенеліп, уыс-уыс ақша ұстап жүргендері туралы жалған мәліметтерді өмірде ұшырасатын әртүрлі жағдайға байланыстыра шындай етіп көрсету;

б) брокерлер алдап алған ақшаны қайтару амалымен айналысатын заңгерлер кеңесі туралы ақпарат тарату. Бұл заңгерлер кеңсесі деп отырғандары да – алаяқтардың өздері (оларға ұрынсаң, көрсететін қызметіне жоғалтқан сомаңның 20 пайызын ұсынуың тиіс, сөйтіп, қарапайым ел соққы үстіне соққы алады);

в) ақшасын заңгерлердің көмегімен «қайтарып алған» адамдар туралы роликтер. Әрине, мұнысы шылғи өтірік, қолдан жасалған сценарий бойынша түсірілген «жанды елітетін» көріністер.

Мұның бәрі адам психологиясына құрылған алаяқтық іс қана. Сондай-ақ әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы бұл тұрақты кибершабуыл әр айдың 20-сынан кейін жоғарыда көрсетілген ретпен келесі айдың 10-ына дейін қызу жүреді. Он күн саябырсып, қайта бел алады.

Осындай тұрақты түрде әлеуетті «ақпаратты соққымен» елдің есін тандырып, нәтижесінде ақшасынан айырылып жапа шексе, құқық орындарына жібермей өз ықпалынан шығармайды. Бірлі-жарым адам құқық органдарына барғанда ісі шағым түрінде әрекетсіз қалып қояды. Себебі қармап ұстайтын ілік жоқ. Сөйтіп, қарапайым халық көзге көрінбес шибөрілердің талауына түскен.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР АТҚАРАР ШАРАЛАР

Мұның бәрін егжей-тегжейлі тәптіштеуіміз қоғамдағы үлкен дерттің алдын алу және азаматтардың құқығын қорғауды, дер уақытында дұрыс ақпарат беруді көздегендіктен туындап отыр.

Қорытындысында айтпағымыз: ең бірінші ел мен Мемлекет басшысының абыройын қорғау үшін Президенттің баспасөз хатшысы мен қызметі, коммуникациялар жөніндегі көмекшісі мен коммуникациялар бөлімінің Президенттің бейнесі қатыстыра отырылып жасалған ақпараттық өнімдерге бақылау орнатып, қайсыбір тұстарда тыйым салғандары жөн. Өйткені Президенттің өз аузынан шыққан сөз, оның қатысуымен өткен шара қалың бұқара тарапынан қапысыз қабылданатыны аян. Соның салдарынан қаншама адам оп-оңай алаяқтардың құрбанына айналып, жалған ақпарат қоғамға үлкен залалын тигізіп отыр. Бірақ мұны Президенттің баспасөз қызметі мен Мемлекет басшысының айналасындағылар білмейтін сияқты. Өйткені қатаң, нақты шара жоқ.

Сондай-ақ шұғыл түрде Бас прокуратура Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесе отырып, әлеуметтік желідегі жалған жарнамалық ақпараттардың алдын алғаны жөн. Оларға үзілді-кесілді тосқауыл қойылуы керек. Елдегі Республика күні қарсаңында М.Ломтадзені сөйлете отырып жасалған, өтірікке құрылған жарнамалық роликтер тағы да қаптап кетті. «Kaspi Profit» платформасына алғашқы қатысу сомасын 75 мың теңгеге көтеріпті. Яғни «алдау операциясы» өз нәтижесін беріп жатыр деген сөз. Сондықтан бұдан былай Мәдениет және ақпарат министрлігі кез келген жарнаманың шындыққа негізделуіне бақылау орнатқаны жөн. Әлде біздің мемлекетте «жарнама» деген айдармен жарияланатын материалдарға сот жоқ па?

Екіншіден, Бас прокуратура Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін қатыстыра отырып, ұялы байланыс операторларының абоненттеріне тексеру жүргізіп, тіркелмеген сим-карталарды бір жұманың ішінде өшіруін талап ету. Әрине, оларға әр абоненттен түскен тиын қымбат. Алайда ендігі уақытта иесіз нөмірлерден бөгде адамдар байланысып жатса, байланыс операторларын қатаң жауапқа тарту шарасын қарастырған әбден қисынды.

Үшінші, Каспий банкке басқарма төрағасы, миллиардер Михаил Ломтадзенің атынан жасалып жатқан жалған жарнамалардың жолын кесу, құдалау, тиісті орындарға шағымдану шарасын міндеттеу. Сондай-ақ «Kaspi Profit» платформасының жалғандығы туралы халыққа ұдайы ақпарат беріп, тоқсан сайын үлкен жиындар өткізуді жүктеген дұрыс болады.

Төртінші, Бас прокуратура Әділет және Қаржы министрліктерімен бірлесе отырып, алаяқтармен істес болған ірілі-ұсақты мекемелерді анықтап, жауапқа тартуды кешіктірмеуі тиіс. Әділет министрлігі сыртқа алаяқтарға кеткен ақшаны қайтаруға қатысты қызмет көрсететін заңды тұлғалардың ақ-қарасын ажыратып, халыққа ресми мәлімет бергені; қой терісін жамылып, алаяқтықпен айналысып жүргендерді жазаға тартуы өте қисынды.

Бесінші, Ұлттық қауіпсіздік комитеті «инвестор ретінде қаржы салып, ай сайын осынша ақша тауып отырмын» деп, «Kaspi Profit» платформасын (өзге де қаржылық алаяқтыққа бастайтын) уағыздайтын роликтегі адамдарды тауып, оларға елді қасақана ұрындырғаны үшін қатаң шара қолдану қажет.

Сондай-ақ кибералаяқтыққа байланысты біз біле қоймайтын өзге де қылмыстық әрекеттердің жолын кесу мақсатында орталық өкілетті органдар шаралар қабылдап, халықтың сенімін пайдаланған тұлғалардың әшкереленуін жан-жақты қарастырғаны жөн. Сонда ғана елдің әл-ауқаты төмендеп, азаматтардың құқығы бұзылмауының алдын алуға болады. Әрі бұл шаралар елдің егемендігіне нұқсанын тигізетін, ұлттық экономиканың қалыпты ілгерілеуіне кесірін келтіретін элементтерді жоюға жасалған нақты қадам болар еді.

Халықтық ықпалды күшке айналған биліктің «Аманат» партиясы да осы қоғамды кеулеген залалдың жолын кесу тұрғысында бұқараға құқықтық сауаттылық жөнінде кең түрде шаралар ұйымдастырғаны қажет-ақ.

Біз тілге тиек етіп отырған мәселенің күрделі әрі тамырын тым тереңге жібергені жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің соңғы Жолдауында баса айтты. Сондай-ақ бұл қылмыстық әрекеттермен құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелгенін мағұлымдады. Ендеше тиісті құзыретті органдарға ел мүддесі үшін жең сыбана кірісетін уақыт жетті.

НЕГЕ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРМАЙДЫ?

Сондай-ақ алаяқтар Каспий банктің, «Хабар» арнасының, өзге де телевизиялардың логотипін өз мүддесіне қолданып, ел арасындағы сенімділікті мейлінше нығайтқан. Тек мұны көрсе де көрмегендей болып, теріске шығармай үнсіз отырған Каспий банктің, «Хабар» агенттігінің әрекеті түсініксіз. Сондықтан алдағы уақытта жеке деректерді күдікті сайттарда қалдырмауды, күмәнді анкеталар мен формаларды толтырмауды және көрсетілген шоттарға ақша аудармауды қатаң түрде ұстанған дұрыс. Ондай түсініксіз жаққа жіберілген қаражат ешқашан қайтпайды. Өйткені ілік болар дерек-дәйектен жұрдай. Ендігі уақытта ақы төлеп, алдану – нағыз алаңғасарлықтың айғақты белгісі.

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ,
жазушы-журналист

№132 (4720) 05/11/2024 Сейсенбі



ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІН ӘСПЕТТЕГЕН

Елордада бір апта бойы дүрілдеген жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқановаңың драматургиясына арналған «Театр All» III халықаралық театр фестивалінің жабылу салтанаты өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық Мәдениет басқармасы мен Музыкалық жас көрермен театры ұйымдастырған өнер мерекесі Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында түйінделді.

Түркі дүниесінің мәдени кеңістігіне есімі танымал жазушы-драматург Роза Мұқанова драматургиясындағы рухани құндылықтарды өскелең ұрпаққа дәріптеу, театрлар арасындағы шығармашылық әріптестікті нығайту мақсатында ұйымдастырылған фестивальге ел театрларымен қатар Қырғыз Республикасы мен Әзербайжан өнер ұжымдары қатысты. Күн сайын театрсүйер қауым екі спектакльден тамашалады.

Белгілі әдебиеттанушы, сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанова бастаған, Қазақстан және ТМД елдерінің театр мамандары құрамына кірген қазылар алқасы үздіктерді анықтады. Ерекше атап өтерлігі, Роза Мұқанова драматургиясында әйел бейнесі айрықша орын алады. Сондықтан «Екінші пландағы үздік әйел бейнесі» және «Үздік әйел бейнесі» аталымдарында жүлделер қос-қостан тапсырылды.

Атап айтқанда, «Екінші пландағы үздік әйел бейнесі» аталымында «Қаралы сұлу» қойылымында қызметші кемпір бейнесін сомдаған Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының актрисасы Гүлжиян Шынтемір және Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры репертуарындағы «Мәңгілік бала бейне» спектаклінде Қатира атты кейіпкерді ойнаған Айжан Садықова топ жарды. Олардың әрқайсысы 300 мың теңгеден иеленді.

«Үздік әйел бейнесі» аталымының әрқайсысы 500 мың теңгелік жүлдесі Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының «Бопай ханым» тарихи драмасындағы Бопай рөлі үшін Лейло Бекназарға және С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының «Ешкім де кінәлі емес» спектакліндегі Асыл рөлі үшін Дина Заитоваға тапсырылды.

Қалған жүлделер төмендегідей бөлінді: «Үздік қойылым» – театр режиссері Фархад Молдағали Түркістан музыкалық драма театрында сахналаған «Фариза» драмасы (1000000 теңге); «Үздік режиссура» – Арнис Кыдырмышев, Жамал Сейдакматова атындағы «Тунгуч» жастар театрындағы (Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы) «Жесір» драмасы үшін (1000000 теңге); «Үздік актерлік ансамбль» – Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының «Қызжылаған» драмасы (қоюшы режиссері – Абзалбек Максим) (500000 теңге); «Үздік ер адам бейнесі» – Газах мемлекеттік драма театрының (Әзербайжан Республикасы, Газах қаласы) «Шатыр астындағы Мен» спектакліндегі Анти Шрек рөлі үшін Хазар Гянджали (500000 теңге); «Сахналық жаңа форма табудағы ізденістері үшін» – А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының «Мәңгілік бала бейне» спектаклі (режиссері – Әридаш Оспанбаева) (300000 теңге); «Екінші пландағы үздік ер адам бейнесі» – Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрының «Мәңгілік бала бейне» спектакліндегі депутат рөлі үшін Дархан Мүсілімов (300000 теңге).

Қазылар алқасының мүшесі, Қырғыз Республикасының халық жазушысы, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жаныш Құлманбетов Роза Мұқанова осы елдің Театр өнері академиясының академигі атанғанын сүйіншілеп, тиісті құжатты тапсырды. Бұл Роза Қажығалымқызына тосынсый болды.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНІҢ «УАҚЫТ АЙНАСЫ»

Ұлттық музейде белгілі қылқалам шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Татарстанның Халық суретшісі Камиль Муллашевтың «Уақыт айнасы» атты мерейтойлық көрмесі ашылды.



Ашылу салтанатына Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова, көрнекті жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсенова, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев, Татарстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы уәкілетті өкілі Денис Валеев, жазушы Тауфик Каримов пен Қазақстанның Халық әртісі Секен Тұрысбек қатысты.

Мамандардың пікірінше, Муллашев өз картиналарында заманауи шындықты бейнелеп, өткен тарих, мифтік және тарихи кейіпкерлер, табиғат әлемі мен ана тақырыбына бойлайды. Суретші шығармашылығының бүгінге дейін жеткен маңызды қасиеттерінің бірі – уақытты сезініп, түсіне білу қабілеті.

Оның туындылары Париждің Гран-Пале салонына, Мәскеудің Третьяков галереясына, Қазан галереясына, ҚР Ұлттық музейі мен Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейіне қойылған. Лихтенштейн, Франция, Англия, АҚШ, Канада, Ресей, Түркия, Қытай, Жапония және Қазақстанның жеке коллекцияларында сақтаулы.


Келесі жылдың 5 қаңтарына дейін көруге болатын экспозицияға суретшінің 90-нан астам кескіндеме жұмысы қойылды.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ҒАСЫРЛАРДЫ СӨЙЛЕТКЕН КОМПОЗИТОР

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында көрнекті композитор, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сыдық Мұхамеджановтың 100 жылдығына арналған «Ғасырлар үні» атты концерт өтті.



Қазақстан композиторлық мектебінің негізін қалаушыларының бірі саналатын композитор мұрасы музыкалық өнердің көптеген жанрын қамтиды. Соның ішінде опералар, симфониялар, ораториялар, концерттер, әндер, романстар, хорлар, драмалық қойылымдарға арналған музыка, т. б. бар.

Сыдық Мұхамеджанов қазақ музыкасында жаңа жанрлардың негізін қалады. Атап айтқанда, алғашқы ұлттық комикс операсын, алғашқы қазақ ораториясын, оркестрмен дауысқа арналған концерт жанрын енгізді. Концерт бағдарламасы оның шығармаларынан тұрып, симфониялық туындылар мен вокалдық шығармалар ұсынылды. Оркестрге арналған 4 бөлімді «Көне Түркістанда» сюитасы, дауыспен оркестрге арналған концерт, «Ақан сері- Ақтоқты» операсынан «Ақтоқтының ариясы», «Айсұлу» операсынан «Айсұлудың ариясы» мен «Серкенің каватинасы», ұлы Абайдың өлеңіне жазылған «Жарқ етпес қара көңілім» романсы, «Ғасырлар үні» ораториясы әуеледі.

Концертке филармонияның шығармашылық ұжымдары мен солистері қатысты. Симфониялық оркестр (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдин, дирижері – Арман Жайым), камералық хор (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Құттыбадамова), әншілер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бибігүл Жанұзақ пен Азамат Жылтыркөзов, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Баян Жүсіпова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әйгерім Аманжолова, халықаралық байқаулардың лауреаттары Шахризада Тыныштық, Талғат Аллабиринов, Фируза Рахметова, Нұрсәт Алмас өнер көрсетті.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №132

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

ASTANA AQSHAMY